@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ/ 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

NurSultan ҰЛЫ ДАЛА ЖҮРЕГІ

ASTANA AQSHAMY

30 ЖЫЛ ОҚЫРМАНМЕН БІРГЕ!

№72 (4041) | Сенбі | 20 маусым 2020 жыл

АБЫРОЙЫҢ АРТА БЕРСІН, ДӘРІГЕР!

Ертең – ақ халатты абзал жандардың төл мерекесі. Бұл күні біз дәрігерлердің әр адам мен күллі қоғамның өміріндегі алатын орнына, кәсіп иелерінің қадір-қасиетіне тағы бір басымызды иеміз. Өкінішке қарай, бүгінге дейін ақ халатты абзал жандардың еңбегі лайықты бағаланбай келді. Алайда дүниені дүр сілкіндірген індет мұндай көзқарасқа өзгеріс енгізіп, қиын да жауапты мамандық иелеріне деген сыйластықты арттырды. Қазір елордамызда 4 мыңға жуық медицина қызметкері дертпен күреске жұмылдырылған. Бас қалада халық денсаулығын жақсарту үшін 19 мыңнан астам медицина қызметкері еңбек етеді. Олар өз бастарын қатерге тіге отырып, әр науқастың өмірі үшін күні-түні емдом жасап, өміріне араша түсуде. Еліміздегі дәрігерлер қауымын кәсіби мерекесімен құттықтаймыз! Аса жауапты да маңызды еңбектеріңізге табыс тілейміз! Еліміз індеттен аман өтіп, алаңсыз, қамсыз күндерімізге қайтып оралсын деп тілейміз!

(Соңы 7-бетте)



Қазақстанда тәулігіне 100 мың тұрғынның 7 мыңына тестілеу жүргізеді.

Тестілеу тек клиникалық және эпидемиологиялық көрсеткіш болғанда жүргізіледі. Клиникалық көрсеткіш – науқастың ауруханаға, яғни инфекциялық немесе провизорлық стационарға жатқызылып, ЖРВИ немесе пневмония диагнозы қойылуы, коронавирустық инфекция жұқтырып, медициналық бақылауға алынған жағдай. Эпидемиологиялық көрсеткіш – науқастың жоспарлы немесе шұғыл ауруханаға түскен немесе инфекция жұқтырғандармен байланыста болған тұлғалар. Сонымен қатар тестілеу шетелден елге оралған азаматтарға профилактикалық мақсатта да жүргізілуде. Бұл көрсеткіш бойынша Австрия мен Канадада 100 мың тұрғынға тәулігіне 6 мың тест, АҚШ-та 8 мың тест жүргізіледі екен. Бұл ретте Қазақстан әлем елдері бойынша 34-орында тұр.

Бүгін және ертең елордада қоғамдық көлік жүрмейді. Ірі сауда орталықтары мен базарлар жұмыс істемейді.

Бұл жөнінде Нұр-Сұлтан қаласының бас санитарлық дәрігері Ж.Пірәлиева мәлім етті. Басқа да бірқатар шектеулер қойылатын болады. Бұл шешім коронавирус инфекциясына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұйғарымы негізінде қабылданды. Ал дүйсенбіден бастап бар тіршілік қалыпты жағдайға қайтарылады.

ҚҰРМЕТТІ МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекеңіз – Медицина қызметкері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әрдайым науқастардың жанынан табылып, оларға қамқор боласыздар. Әлемдік пандемиямен күресте алдыңғы шепте келесіздер. Антқа адалдықтарыңыз бен кәсіби біліктіліктеріңізді қоғам әрдайым жоғары бағалайды. Еңбектеріңіз алдағы уақытта да абыройлы әрі жемісті болсын! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін!

Алтай КӨЛГІНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласының әкімі

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

№72 (4041) 20 маусым 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

– Өкінішке қарай, COVID-19 індеті біздің Тұңғыш Президентіміз – Елбасыны да айналып өтпеді. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тезірек сауығып кетуін тілеймін. Ол – рухы мықты адам. Оның бүкіл өмірі күреске толы, сондықтан ол бұл сынақты да жеңіл еңсереді деп сенемін.

Нұрсұлтан Назарбаевтың атына Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннен жеделхат келіп түсті.

Владимир Путин Қазақстанның Тұңғыш Президентіне коронавирус жұқтыруына байланысты тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді. «Мен Сізге осы қиын сәтте қолдау білдіргім келеді. Сіздің ерекше өмірлік энергияңыз, сергектігіңіз бен оптимизміңіз қысқа мерзімде вирусты жеңуге көмектеседі деп сенемін. Шын жүректен Сіздің толық айығып кетуіңізді тілеймін. Деніңіз сау болсын» делінген Ресей Федерациясы Президентінің жеделхатында.

АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Майк Помпео Нұрсұлтан Назарбаевпен твиттер желісі арқылы хабарласып, саулық тіледі.

«Аурудан тезірек айығып кетіңіз. Бұл – біздің елдеріміз үшін қиын кезең. Бірге бұл ауруды жеңетінімізге сенімдімін» деп жазды ол Twitter-дегі парақшасында.

Майк Помпео Елбасыға арнап ағылшынша жазған бұл жазбасының соңына «aman bolynyz» деген қазақша сөзді де қоса кетіпті.

Елбасы атына Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтен жеделхат келіп түсті.

Шавкат Мирзиёев Елбасының коронавирус жұқтырғаны туралы хабарды үлкен алаңдаушылықпен қабылдады. «Сізге осынау қиын-қыстау уақытта жан-жақты қолдау көрсетуге және жаныңызда болуға дайын екенімді жеткізгім келеді. Жақын арада Сіздің бұл вирусты жеңіп, сауығып кететініңізге сенімдімін. Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, Алла Тағала Сізге зор денсаулық, күш-қуат, ұзақ ғұмыр және жаңа табыс берсін деп тілеймін. Жақында Өзіңізбен жүздесу мүмкіндігі туады деген үміттемін» делінген жеделхатта.

Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбековпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында Сооронбай Жээнбеков Елбасының тезірек сауығып кетуін және Қазақстан халқының игілігі жолында атқарып жатқан күнделікті қызметіне жақын арада оралуын тіледі. Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз Республикасының Президентіне жылы лебіздері үшін ризашылығын айтып, бауырлас екі елдің арасындағы тату көршілік қатынастар одан әрі нығая беретініне сенім білдірді. Телефон арқылы сөйлесуге қырғыз жағы бастамашы болды.

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Мамандар қауіпті індеттің орта мен адам талғамайтынын ескертіп келеді. Өкінішке қарай, Елбасымыз тапсырған тест те оң нәтиже көрсеткен екен. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – жігерімен ұлтқа үлгі болған тұлға.

Президентіміз айтқандай, рухы мықты адамның бұл сынақты да жеңіл өткеретініне сенеміз. Тезірек сауығуына тілектеспіз!

ЕЛБАСЫ ДА ОҚШАУЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының баспасөз хатшысы Айдос Үкібай Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың коронавирус жұқтырғаны жөнінде хабардар етті.

Осыған байланысты Елбасы оқшауланды. Бірақ алаңдауға еш негіз жоқ. Нұрсұлтан Назарбаев қашықтан жұмыс істеуді жалғастыра береді, деп жазды А.Үкібай әлеуметтік желідегі парақшасында.

ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ХАТ ЖОЛДАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының зиялы қауым өкілдері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа сауығуын тілеп ашық хат жолдады, деп хабарлайды Елорда Инфо.

«Аса мәртебелі Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы!

Жаһанды жаулаған COVID-19 дертінің Сізден де табылғанын естіп, бұл жайсыз хабарды алаңдаушылықпен қабылдадық.

Өмірдің талай қиындығы мен кедергісін еңсеріп, халқымызға тәуелсіз мемлекет, баянды бақыт сыйлау жолында табанды еңбек етіп келесіз. «Халқымның табанына батқан тікен менің маңдайыма тисін» деген ізгі ниетіңіз бен қажырлы еңбегіңізді ел-жұрт жақсы біледі. Сондықтан елін, жерін сүйген, ұлтының қамын ойлаған арда азаматтың денсаулығына алаңдаған, оның аман-саулығын тілеген халықта есеп жоқ.

Сіз саналы ғұмырыңызда салауатты өмір салтын ұстануды, денсаулықты күтудің өнегелі үлгісін көрсетіп келесіз. Рухыңыздың мықтылығымен, қайраткерлігіңіз бен жігеріңіздің арқасында бұл дертті де еңсеріп шығатыныңызға кәміл сенеміз.

Сексеннің сеңгіріне шыққан мерейлі жасыңызды ел болып атап өтіп, тоқсанның торқалы тойын көре бергейсіз. Өзіңізге тек зор денсаулық, амандық тілейміз» деп жазды интеллигенция өкілдері.

Лебіз хат Нұр-Сұлтан қаласының зиялы қауым өкілдерінің атынан жолданған.

Атап айтқанда, Мырзатай Жолдасбеков – мемлекет және қоғам қайраткері, Сұлтан Оразалин – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, Ғарифолла Есім – академик, Қонысбай Әбіл – халық ақыны, Несіпбек Айтұлы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, Серік Тұрғынбеков – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, Жандарбек Мәлібеков – Қазақстан Республикасы Елтаңбасының авторы, Аяған Бүркітбай – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Серік Негимов – филология ғылымдарының докторы, профессор, Жанғали Жүзбай – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Талғат Теменов – Қазақстанның халық әртісі, театр және кино режиссері, Аманжол Әлтай – филология ғылымдарының докторы, профессор, ақын, Қыдырәлі Болманов – «Құрмет» орденінің иегері, әнші, Қарақат Әбілдина – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші, Тамара Асар – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші.

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ ЕЛБАСЫНЫҢ ТЕЗІРЕК САУЫҒУЫН ТІЛЕЙДІ

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары Ұлт көшбасшысы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірген үндеу жариялады.

«Тәуелсіз Қазақстанның гүлденуіне өлшеусіз еңбек сіңірген, еліміздің барлық қиындықтардан алып шығуға қажыр-қайратын жұмсаған Нұрсұлтан Әбішұлы бүкіл әлемде жайылып жатқан бұл кеселді де еңсереді деп ойлаймыз. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, Нұрсұлтан Әбішұлы, халқыңыз сізбен бірге!» деп жазылған елордалық депутаттар үндеуінде.

Жоғары көлік және коммуникация колледжінің директоры, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты Зулфухар Ғайыпов:

– Атам қазақта «Апат айтып келмейді» деген сөз бар. Бұл індет еліміздің бірлігі мен тірлігі үшін үлкен сын болып тұр. Қашанда сын сағатта ел қамын ойлаған, ел үмітін ақтаған Елбасымыз, Ұлт көшбасшысы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев COVID-19 жағдайына қарамастан елдегі барлық жағдайды жіті бақылап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге еліміздің игілігі үшін маңызды жиындар өткізді, шешімдер қабылдады. Оған баршамыз куәміз.

Қарапайым Қазақ елінің азаматы ретінде айтар болсақ, Елбасының еңбегі тәуелсіз еліміздің алдында өлшеусіз десек қателеспейміз. Отыз жылдың ішінде еліміздің әлемдік қауымдастықтың толық мүшесі ретінде әлемге танытты.

Шекарамызды шегелеп, тәуелсіздігімізді тұғырлы етті. Арқаның төсінде әсем астана тұрғызды. Баршамыз білеміз, 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның саммитін астанада өткізіп, өзі басқарды. Сол кезде барша Қазақ елі Елбасы үшін көкірегін керіп мақтанды. Қай заманда қазақтың баласы алпауыт құрлықтағы Еуропа басшыларын ұршықтай иіріп, өз аузына қаратып еді?! Білген, түсінген жанға бұл үлкен мақтаныш!

Одан қалды бірнеше ұлт пен ұлыстың басын қосып, бірлігіне тірлігі сай, айрандай ұйыған мемлекет құрды. Әлемдегі барлық діни конфессиялардың басын қосып, елімізде бірнеше рет басқосулар өткізді. Сирия мәселесінде алпауыт елдер шеше алмаған оппозициялық топтың басын қосып, Астана декларациясын қабылдады.

Ішкі саясатта «Әуелі экономика, сосын саясат» деген қағиданы берік ұстанды. Елдің еңсесін, әл-ауқатын түзеп барып, саяси өзгерістерге өзі бастап әкелді. Қазақ тарихында биліктен де өз еркімен бейбіт жолмен бас тартқан тұңғыш тұлға. Осы айтылған жайттардың барлығы да Елбасымыз, Ұлт көшбасшысы, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты елін сүйген, елі сүйген ер екенін, елінің елтұтқасы екендігін тағы да дәлелдейді.

Елбасымыз, Ұлт көшбасшысы – Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлына зор денсаулық тілей отырып, қалың елі қазағымның атынан Алладан тезірек сауығып кетуін тілейміз!

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

НҰР-СҰЛТАН

Кеше елордада белгілі алаштанушы ғалымдар Тұрсын Жұртбайдың «Білмей мұны жазған жоқ», «Кешегі өткен би Құнанбай» кітаптары мен Нұрлан Дулатбековтің «Құнанбай ісі» зерттеу еңбегі таныстырылды. Бұл Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Абай академиясы» орталығының мерейтойына құнды тартуы болып отыр.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Аймақтағы «Каспий» су тұшыту зауыты жанынан 20 мың текше метр су қондырғысын орнату, зауыттың қуаттылығын ұлғайту жөнінде жоба жасалып жатыр. Соған сәйкес келер жылдың аяғында Мұнайлы ауданын толықтай сумен қамту жоспарланып отыр. Сондай-ақ Кендірлі курорттық аймағы, «Қаражанбас» кен орнында осындай жұмыстар жүргізілуде.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Түркістан облысы құрылғалы бері өңірдің егіс көлемі 12 мың гектарға артқан. Еліміздегі ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемінің 12 пайызы осы облысқа тиесілі. Осы жылы ауыл шаруашылығы дақылдары 825,4 мың гектарға егілген. Биылғы бес айдың қорытындысында өңірдегі ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 140 млрд теңгені құрады.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Керекудегі химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Еркебұлан Елжан алпауыт Apple компаниясының «Swift Student Challenge» атты сайысында жеңімпаз атанды. Қуанышты хабар оқушының электронды поштасына келіп түскен. Бұл сайысқа жас зияткер аутизммен күресіп жүрген балаларға арналған мобильді қосымшасын ұсынған.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Биыл Қостанайда құрастырылған көліктердің алғашқы партиясы Орынбор, Вологда қалаларына жеткізілді. Жақын арада дилерлік желі Мәскеу, Санкт-Петербург сияқты Ресейдің ірі мегаполистерде ашылады. Жалпы, өткен жыл ішінде Қостанайдың 2600 автокөлігі шетелдерге өткізілген. Ал биыл бұл көрсеткіш кемі 6 есе жоғары болады деген болжам бар.

ҚАЛАҒА КЕРЕК НЫСАНДАР

Елорда әкімдігі 2017-2020 жылдар аралығында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 12 келісімшарт жасады. Бұл қатарда үш балабақшаның құрылысы, «Сергек» жүйесін құру, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Тарлан» паралимпиада орталығының қызметін ұйымдастыру, ақылы тұрақ кеңістігін құру және пайдалану, т. б. осы сияқты бірқатар жобалар бар. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары кезекті сессияға дайындық барысында сондай бірнеше нысанның жұмысымен танысты.

Аманғали **ҚАЛЖАНОВ**

Соның ішінде «Астананың тұрақ кеңістігі» ЖШС, 360 орындық балабақша құрылысы аумағына, «Эфференттік терапия және гемокоррекция» орталығына және қауіпті қалдықтарды қалдықсыз өңдейтін шағын зауытқа барды.

«Эфференттік терапия және гемокоррекция» орталығы жұмысына депутаттардың көңілі толды. №1 қалалық аурухана базасында жұмыс істейтін орталық қан құрамын тексеру, жасанды бүйрек аппараттары сынды заманауи қондырғылармен жабдықталған. Орталық емделушілерінің денсаулығы жағдайына үздіксіз мониторинг жүргізіледі. Нысан тәулік бойы жұмыс істейді. Мұнда бүйрегі ауыратын науқастарға қызмет көрсетіледі. Қазіргі кезде тиісті емге 68 науқас жүгініп отыр.

Қауіпті қалдықтарды қалдықсыз өңдейтін шағын зауыт құрамында сынапты және резеңке-техникалық бұйымдарды өңдейді. Инвестордың айтуынша, бұл – қоршаған ортаны қорғау саласындағы бірегей жоба. Қала үшін де әлеуметтік және экологиялық маңызы ересен.

Ақылы тұрақ кеңістігінің жұмысы мәслихат депутаттарын ерекше қызықтырды. Қазіргі таңда бұл жобаға Сарыарқа ауданында – 1373 орын, «Нұржол» желекжолы аумағында – 487 орын, Алматы ауданында – 1570 орын және Сығанақ-Сарайшық көшелері мен Мәңгілік ел-Тұран даңғылдары маңайында 1423 орын бөлінген.

Ал жаңа балабақша №29 және №36 көшелері аумағында бой көтерді. Балабақшаны аралау барысында мәслихат депутаттары ғимараттың техникалық жай-күйімен, балалар бөлмелерінің орналасуымен танысты. Қорытындысында аталған нысандар қалаға керек екенін, тиімділігін көрсеткен жобалар екенін атап өтті. Бірқатар ұсыныстарын да айтты.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫ ОНЛАЙН РЕЖИМГЕ АУЫСАДЫ

Дүйсенбі, 22 маусымнан бастап елордалық Халықты жұмыспен қамту орталығы қашықтықтан қызмет көрсетеді.

Өзара тікелей қарым-қатынасты шектеу арқылы, COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау мақсатында, Жұмыспен қамту орталығы (Бейбітшілік көшесі, 25) мен «Жаңұя» отбасын қолдау орталығында (Бейбітшілік көшесі, 14) азаматтарды қабылдау уақытша тоқтатылады. Азаматтар мен жұмыс берушілер барлық қызметтердің спектрін 57-88-88 Call-орталығы арқылы, электронды пошта және мобильді байланыс құралдары арқылы онлайн ала алады. Ол үшін 57-88-88 Call-орталық нөміріне хабарласу қажет.

Қызметтер туралы қосымша ақпарат ХЖҚО-ның (fs: @cz.astana.kz, inst: @czn_astana) әлеуметтік желілерінде жарияланатын болады.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

АЛТЫНШЫ ШАҚЫРЫЛЫМНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2020 жылдың 30 маусымында сағат 10.00-де Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының алтыншы шақырылымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің жергілікті жобаларының іске асырылу барысы туралы есебі.
2. Қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі туралы.
3. «Астана қаласының ортақ су пайдалану қағидалары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №220/25-VI шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
4. Нұр-Сұлтан қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды анықтау туралы.
5. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы үкіметтік емес ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара қарым-қатынас жөнінде консультативтік кеңестің құрамы туралы.
6. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттардың жобаларын келісу туралы.
7. «Нұр-Сұлтан қаласы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Жеңіс күніне орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 3 мамырдағы №380/49-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы.
8. «Астана қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Ауғанстан аумағынан әскерді шығаруының 30 жылдығына орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы №362/45-VI шешімінің күші жойылды деп тану туралы.
9. Нұр-Сұлтан қаласындағы мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы туралы.
10. «Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы №364/45-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
11. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезекті сессиясына қарауға енгізілетін негізгі мәселелер туралы.
12. Қалалық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы туралы.

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36.

М. ШАЙДАРОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихаты хатшысының м. а.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Қазалы ауданында орналасқан Жанкент шаһарын зерттеушілер қаланың бас қақпасының орнын тапты. Қазір осы бағытта анықтау шаралары қолға алынып отыр. Оғыз мемлекетінің ордасы – Жанкент шаһарына далалық зерттеу жұмыстары Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мемлекеттік мекемесі тарапынан жүргізілуде.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Үржар ауданында жаңа емхана салынады. Оған облыстық бюджеттен 197 млн теңге бөлінді. Жоба 10 мың адамға арналады. Ауданның ескі емханасы 30 жыл бойы жөндеу көрмеген. Қазір бұл нысанда да жөндеу жұмыстары қолға алынды. Оған 50 млн теңге қарастырылған. Ал жаңа емхананы пайдалануға беру келесі жылы жоспарланып отыр.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Өлке тарихын өлеңмен өрнектеу мақсатында «Ұлытауым – Ұлы дала киесі» тақырыбы аясында мүшәйра өтеді. Ұлық Ұлыстың тарихи маңызын насихаттауды, Ұлы дала мен Ұлытаудың тарихи орнын құдіретті поэзия тілімен өрнектеуді мақсат еткен жыр додасына елдің кез келген аймағында тұратын ақындар қатыса алады.

ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АҚШ ҚЫТАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫН ҮЗЕ МЕ?

Америка Құрама Штаттары Қытаймен толықтай байланысын үзе алады. Бұл туралы Ақ үй басшысы Дональд Трамп твиттердегі парақшасына жазды.

Соңғы кездері Вашингтон мен Қытай арасындағы қарым-қатынас ушығып барады. Бұған Гонконгтегі жағдай мен әлемді әбігерге салған коронавирус себеп.

АҚШ тарапы Қытайды Гонконгтің қауіпсіздігіне қатысты заң жобасына байланысты қатаң сынға алған еді. Сондай-ақ коронавирустың тарап кетуіне Бейжің кінәлі деген мәлімдемелер жасаған. Қытай болса Гонконгқа қатысты елдің ішкі мәселесіне Ақ үйдің араласпауын сұрап, эпидемияға қатысты сынның орынсыз екенін айтты.

ӘЛЕМДЕ ІНДЕТ АСҚЫНЫП ТҰР

Әлемде коронавирус жұқтырғандардың саны 8,5 миллионға жуықтап қалды.

Дерттен 453 мыңнан астам науқас көз жұмған. АҚШ-тағы Джонс Хопкинс университетінің мәліметі осындай. Жұқпалы дертке шалдыққандар саны бойынша АҚШ, Бразилия және Ресей көш бастап тұр.

Америкада вирусты жұқтырғандар 2 миллион 180 мыңнан асқан. 118 мыңнан астам науқас қайтыс болды. Бразилияда дертке 978 мың адам шалдығып, 48 мыңға жуығы көз жұмды. Ал Ресейде вирусты жұқтырғандардың қарасы 560 мыңнан асып жығылады. Ал Қазақстанда 16351 адам індет жұқтырып, 105 адам қайтыс болды.

МҰНАЙ БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАДЫ

Қара алтын бағасы қымбаттады. Лондондық биржада Brent маркалы мұнайдың тамыздық фьючерсі 42 долларды құрады.

Ал солтүстік американдық WTI болса барреліне 39,16 долларға жеткен. Бұл – наурыз айынан бергі ең жоғары көрсеткіштер.

Бағаның қайта қалыпқа келуі көптеген елде әуе қатынасының қайта жандануы, зауыт пен кәсіпорындардың іске қосылуымен байланысты. Сондай-ақ мамандар қара алтын нарығының тұрақтануына мұнай экспорттаушы елдер ұйымы тарапынан өндірісті қысқартуы түртті болған дейді.

Дайындаған Қалиақбар **ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Беттегі суреттер галамтордан алынды

№72 (4041) 20 маусым 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

КОРОНАВИРУСТЫ АНЫҚТАЙТЫН ТЕСТ ТАПСЫРУ КІМГЕ ТЕГІН?

1406 байланыс орталығына КВИ-ға тест тапсыру мәселесі бойынша хабарласушылар саны 2 есе артқан. Қоңырау шалушылардың көбін коронавирус бойынша ауруханаға жатқызу мәселесі толғандырып отыр. Бас санитар дәрігердің қаулысына сәйкес, 10 санат бойынша COVID-19-ға тестілеу ақысы тегін болады. Ол тегін кепілдендірілген медициналық көмек көлемінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында жүзеге асады.

«Біздің аймақтық филиалдарымыз жергілікті денсаулық сақтау басқармаларымен тығыз байланысты, еліміздің әрбір тұрғынына барынша көмектесуге тырысады. Қор тарапынан біз медициналық ұйымдардың қызмет ақысын уақытылы төлеу жөніндегі міндеттемемізді орындауға дайынбыз. Бас санитар дәрігердің қаулысына сәйкес, 10 санат бойынша COVID-19-ға тестілеу ақысын қор төлейді» деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Марат Шоранов.

Қор қаражаты есебінен коронавирусқа ақысыз ПЦР-талдаудан өтуге құқылы азаматтар:

Тегін кепілдендірілген медициналық көмек көлемінде:

– Инфекциялық стационарға жатқызылған пациенттер;

– COVID-19 болуы мүмкін деген күдікпен провизорлық стационарға жатқызылған пациенттер;

– COVID-19 болуы мүмкін, ЖРВИ және пневмония белгілері бар, стационарлық деңгейдегі пациенттер;

– Үйде оқшаулауға жағдай болмағанда карантиндік изоляторға симптомсыз COVID-19-бен жатқызылған азаматтар (ПЦР-тексеру, бұл санаттағылар үшін сол жатқан стационарларда жүргізіледі);

– COVID-19 болуы мүмкін, ЖРВИ және пневмония белгілері бар амбулаторлық деңгейдегі пациенттер;

– Симптомсыз COVID-19-бен БМСК дәрігер бақылауындағы азаматтар (ПЦР-тексеру, бұл санаттағылар үшін тіркелген орны бойынша емханада тағайындалады);

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында:

– Ауруханаға жоспарлы түрде жатқызылған пациенттер, оның ішінде 37 апта мерзімінде босандыруға рұқсат берілген жүкті әйелдер (ПЦР-тексеру тіркелген орны бойынша емханада тағайындалады);

– Ауруханаға шұғыл түрде жатқызылған пациенттер, оның ішінде жүкті әйелдер мен бала босанған аналар (ПЦР-тексеру стационарда жүргізіледі);

– Гемодиализде жатқан пациенттер (ПЦР-тексеру тіркелген орны бойынша емханаларда тағайындалады);

– Жаңа туған нәрестелер, клиникалық хаттамаға сәйкес (ПЦР-тексеру стационарда жүргізіледі).

Зерттеу жұмыстарын ұйымдастырумен және басқа да қосалқы мәселелермен аймақтық денсаулық сақтау басқармалары айналысады.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық отырысында еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал талқыланды.

ЖАҒДАЙ КҮРДЕЛІ КҮЙДЕ

Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдай туралы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы Л.Ақтаева, ветеринарлық және эпизоотиялық ахуал туралы Ауыл шаруашылығы министрі С.Омаров, биологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі туралы Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов, жеке қорғану құралдарын өндіру туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Атамқұлов, өңірлердегі ахуал туралы Атырау облысының әкімі М.Досмұхамбетов, Павлодар облысының әкімі Ә.Сқақов баяндады.

COVID-19 індетіне қатысты жағдай күрделі күйінде қалып отыр. Соңғы екі аптада барлық дерлік өңірлерде науқастар саны көбейді. Мұның негізгі себебі – адамдардың санитарлық талаптарды орындамауы мен бақылаудың нашарлығы. Үкімет басшысы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ведомствоаралық комиссияның шешімімен алдағы демалыс күндері бірқатар ірі қалалар мен тұрғындарының саны 50 мыңнан асатын барлық өңірлердегі елді мекендерде қосымша шектеу шаралары енгізілетінін хабарлады.

Премьер-министр жеке қорғану құралдарының отандық өндірісін ұлғайту және олардың халық үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету шараларын қабылдауды, жасанды тыныс алу аппараттары мен жеке қорғаныш құралдарының жеткілікті қорын қалыптастыруды, олардың мемлекеттік материалдық резервте болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

ҚАЖЕТ ҚҰРАЛДАРҒА ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

Елордада COVID-19 инфекциясын жұқтырғандар санының өсуіне байланысты ПЦР-тесттер, өкпені жасанды желдету, КТ аппараттары, жеке қорғаныш құралдары, дәрі-дәрмектер қосымша сатып алынады. Кеше Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы Ләззат Ақтаевамен онлайн-кеңес өткізіп, осы мәселені пысықтады. Кеңес қорытындысында қала әкімдігі мен министрлік бірлескен іс-қимылдар жол картасын бекітті.

Қазір инфекцияны жұқтырғандарға уақытылы көмек көрсету үшін қалада қосымша 720 төсекорын дайындалды. Әскери госпиталь, басқа да медициналық мекемелер стационарға қайта бейімделеді. Осы уақытқа дейін 112 мыңнан астам жеке қорғаныс құралдары сатып алынды. Сонымен бірге осы айда стационарларға өкпені жасанды желдетудің 30 аппаратты жеткізіледі. Бұған қосымша тағы өкпені жасанды желдетудің 200 аппараты сатып алынады.

Қалада ПЦР-тестілеу бойынша мобильді топ құрылады. Қаланың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы ПЦР-тестілерді жинау және өңдеу бойынша зертханаларда жұмыс істейтін медициналық қызметкерлерді оқытады. Қала әкімі Алтай Көлгінов өз сөзінде коронавирусқа қарсы күресте қолданылатын медициналық препараттар мен жабдықтардың қорын уақытылы толықтыру қажеттігін атап өтті.

Кеңеске Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы Ботагөз Жақселекова, сала вице-министрі Людмила Бюрабекова, сондай-ақ зертхана өкілдері, «Фармация» СК санитарлық дәрігерлері қатысты.

КАРАНТИН РЕЖИМІ ҚАЙТА КҮШЕЙТІЛДІ

Елімізде демалыс күндері – 20-21 маусым аралығында шектеу шаралары күшейтіледі. Нұр-Сұлтанда қоғамдық көлік қатынасы тоқтайды. Халық көп жиналатын барлық қоғамдық орындар жабылады. 65 жастан асқан адамдардың көшеге шығуы шектеледі. Бұл туралы ҚР Премьер-министрінің баспасөз қызметі хабарлады.

Эпидемиялық жағдайдың күрделенуі және індеттің көбеюіне байланысты демалыс күндері елордада қоғамдық көлік жүрмейді. Барлық қоғамдық орындар: саябақтар, гүлзарлар, жағалаулар, жағажайлар және т. б. жерлер жабылады. Бұған қоса, қаладағы ОСО, сауда үйлері, желілік дүкендер, жабық азық-түлік және азық-түлік емес базарлар мен дүкендердің жұмысы тоқтайды. Қорғаныс министрлігінің күшімен адам көп жүретін орындарда (саябақтар, гүлзарлар және т. б.) ауқымды дезинфекция жұмыстары жүргізіледі.

– Қазір қалада індеттің екі – отбасылық және ұжымдық ошағы барын ескеріп, елордада «үйдегі демалысты» енгізу туралы шешім қабылданды. Бүгінде бізге, дәрігерлерге, індетті жұқтыру қарқынын төмендету және жою керек. Әйтпесе инфекция үдеп барады. Адамдар бұл күндері үйлерінде отыруы тиіс. Аса қажеттілік болмаса үйден шықпау керек, – деді қаланың бас санитарлық дәрігері Жанна Пірәлиева.

Маусымның 20-21 күндері бас қалада тек үйдің ауласындағы азық-түлік дүкендері ғана жұмыс істейтін болады. Жұмыс уақыты – сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін. Сонымен қатар дәріханалар мен көшедегі дәмханалар форматындағы ашық аспан астындағы қоғамдық тамақтану орындарына жұмыс істеуге рұқсат беріледі. Қоғамдық көлік дүйсенбі күні, 22 маусымда қалыптасқан тәртіпке оралады. Олар санитарлық талаптарды қатаң сақтауы тиіс.

Сондай-ақ екі күнге Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Шымкент, Павлодар және Екібастұз қалаларына жақын орналасқан туристік аймақтарға кіру жабылады.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

«Astana» телеарнасы мен «Elorda Aqparat» ЖШС-тің бірлескен жобасы – «Elorda LIVE» бағдарламасының кезекті қонағы – Есіл ауданы әкімінің орынбасары Әнуар ҚАЙЫРЖАНОВ ауданды дамыту жұмыстары туралы айтып берді.

ЕСІЛ АУДАНЫНДА 20 АУЛА ЖӨНДЕЛЕДІ

– Әнуар Талғатұлы, дәл қазіргі уақытта Есіл ауданы аумағында маңызды нысандар құрылысы жүріп жатыр ма?

– Әрине. Осы уақытта Қабанбай батыр мен Мәңгілік ел даңғылдары қиылысында бас мешіт, Сығанақ көшесінде «Абу-Даби Плаза» кешені, Тұран даңғылы мен Бұқар жырау көшесі аумағында жеңіл атлетикалық манеж салынып жатыр. Сондай-ақ осы жылдың аяғына дейін төрт орта мектеп пен бір балабақшаны пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз.

– Жеңіл атлетикалық манеж құрылысы қашан басталды? Нысанды қай мерзімде пайдалануға беруді көздеп отырсыздар?

– Манеждің салынып жатқанына екінші жылға кетті. Жыл аяғында аяқтаймыз деп отырмыз.

– Абаттандыру бағытында қандай жұмыс жүргізіліп жатыр?

– Биыл «Пригородный», «Ильинка» тұрғын алаптарында қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруды бастадық. Сонымен қатар аулаларды абаттандыру жұмысы да жүріп жатыр. Осы жылы 20 ауланы абаттандыруды жоспарлап қойдық. Бұл өткен жылмен салыстырғанда үш есе көп. Бұған қоса, қалалық саябақта ұзындығы 3,5 метр резеңке төсеніштi ауыстырдық. Жеті жылда оның тозығы жетті. Тұрғындар тарапынан Есіл өзені жағалауын абаттандыруға қатысты да көп өтініш түсіп жатыр. Қазір сол аумақта брусчатканы ауыстырып жатырмыз. Есіл өзенін бойлап жатқан Керей-Жәнібек хандар мен Ә.Бөкейхан көшелері қиылысындағы саябақты абаттандыру жұмыстарымен де айналысып жатырмыз. Бұл – Ботаникалық бақтан кейінгі ең үлкен саябақ. Онда аяқжолдарды, субұрқақтарды жөндеу және көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

– Аудан тұрғындары өз ұсыныстарын, өтініштерін, бәлкім, ескертпелерін сіздерге қалай жеткізе алады?

– Біз әлеуметтік желілерде ашықпыз. Әдетте әртүрлі өтініш-шағымдар сол арқылы және iKomek 109 қызметіне келіп жатады. Осы жылы «Бюджетке қатысу» бағдарламасын бастадық. Оған 183 миллион теңге бөлінді. Соның аясында 32 жобаны қарадық. Қорытындысында 10 жобаны қабылдадық. Қазір тұрғындар жобаларға дауыс беріп жатыр. Содан соң тиісті жұмыстарды бастаймыз.

– Тұрғындармен жиі кездесу өткізіп тұрасыздар ма?

– Иә, әрине. Жыл басында «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға түзетулер енгізілді. Бұл карантиннен бұрынғы уақыт еді. Заңды түсіндіру мақсатында аудан әкімі бастап, біз қостап, тұрғындармен жеті кездесу ұйымдастырдық. Тұрғындар бұдан басқа да көптеген проблемаларды көтерді. Бұл мәселелерді ауданның даму жоспарына енгіздік.

– Әлеуметтік бағытта қандай жұмыстарды жүргізіп жатырсыздар?

– Аудандағы 200-ге жуық көпбалалы отбасы мемлекеттік әлеуметтік көмек алды. Арнаулы себеттер 775 отбасыға, гигиеналық пакеттер 241 отбасыға тапсырылды. Карантин уақытында бізге 1500-ден астам отбасы көмек сұрап келді. Оларға 77 мыңнан астам маска бердік. Қазір бізде көмекті қажет ететін 632 отбасы тіркеуде тұр. Біз оларға мүмкіндігімізше көмек беріп жатырмыз.

– Тұрғындар қызмет көрсету ұйымдарының жұмысына жиі шағымданып жатады. Аудан әкімдігі ПИК-терді тексеруге, жауапкершілікке тартуға құқылы ма?

– Аудан әкімдігі бақылау-қадағалау органы болып саналмайды. Сондықтан ПИК-терді тексеріп, жауапкершілікке тарта алмаймыз. Белгілі бір компанияны тексеру үшін Тұрғын үй басқармасына және Тұрғын үй инспекциясына жазбаша өтінішпен шығу керек.

– Аудан әкімдігі қоқысты рұқсат етілмеген жерлерге төгетіндерге қарсы қандай шараларды қолданып жатыр?

– Бұл – өте өзекті мәселе. Аудан аумағында қоқыс рұқсатсыз қай жерлерге төгілетінін біз білеміз. Атап айтқанда, «Хан Шатыр» артындағы саяжайлар маңында, Нұра-Есіл арнасы бойында, Қ.Мұхамедханов көшесінде. Өткен жылы біз 30 мың тонна, осы жылы 6,5 мың тонна заңсыз қоқыс шығардық. Бізге бұл жұмыста экологиялық полиция белсенді көмектесіп жатыр. Биылғы сәуір айынан бері 58 айыппұл салдық. Әдетте заңсыздыққа құрылыс компаниялары жол беріп жатады.

– Аудандағы аулаларда балалар алаңдары жеткілікті ме? Жаңа алаңдар салына ма?

– Биыл 20 ауланы жөндейміз. Онда қауіпсіз шағын сәулет нысандарын, резеңке төсеніштерді орнатамыз. Барлық материалдың сертификаттары бар. Яғни ауданымызда заманауи, қауіпсіз, сертификатталған аулалар салынып жатыр. Қазір «Пригородный» мен «Ильинка» тұрғын алаптарында екі спорттық алаң абаттандырылып жатыр.

– Жылыту маусымына қалай дайындалып жатырсыздар?

– Ауданда қазіргі таңда 680 көппәтерлі тұрғын үй бар. 18 мамырдан бастап жылыту маусымына дайындықты бастадық. Бүгінгі күнге үйлердің қысқа дайындығы 21 пайызды құрайды. 1 қыркүйекке дейін бүкіл үйді дайындаймыз.

Дайындаған
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

АЗАМАТТАРДЫҢ БАСПАНАҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ АРТАДЫ

Ағымдағы жылдың 11 мамыр күні ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды несиелік тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша «5-10-20» жаңа жобасын іске қосуды тапсырды. Осы мақсатқа бюджеттен 390 миллиард теңге бөлінеді.

Дәулет АСАУОВ

– Мемлекет басшысы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ баспанамен қамтамасыз ету орталығы – «Отбасы банкі» АҚ қайта құруды тапсырды. Мұндағы басты мақсат – баспанасы жоқ әрбір қазақстандық осы орталыққа өтініш жазып, өзінің табысына қарай қолжетімді үй алуына мүмкіндік беру. Іріктеу азаматтардың әлеуметтік жағдайы бойынша емес, нақты табысына байланысты жүргізіледі, – деді Бейбіт Атамқұлов.

Оның айтуынша, кірісі әр мүшесіне шаққанда бір күнкөріс минимумынан төмен (31,1 мың теңге) отбасыларға баспана сатып алу құқынсыз жалға беріледі. Кірісі әр мүшесіне шаққанда екі күнкөріс минимумынан төмен (62,4 мың теңге) отбасылар «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша 2 пайыздық мөлшерлемемен баспана алу мүмкіндігіне ие.

Ал кірісі әр мүшесіне шаққанда 3,1 күнкөріс минимумынан төмен (96,7 мың теңгеден аспайтын) отбасылар «5-10-20» бағдарламасына қатыса алады. Сондай-ақ кірісі әр мүшесіне шаққанда 3,1 күнкөріс минимумынан асатын отбасылар екінші деңгейлі банктердің «7-20-25» бағдарламасына қатысу мүмкіндігіне ие.

Дағдарысқа қарсы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында Мемлекет басшысы азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша жұмыстарды жалғастыра берудің маңыздылығына тоқталған еді. Бұл – Үкіметтің стратегиялық бағыттағы міндеттерінің бірі. Ол үшін институционалдық құрылымды жетілдіру қажеттігін айтты.

– Бұл саланы жүйелі түрде жаңғыртудың жалғасы – азаматтардың өз зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалануға мүмкіндік беру, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің штаттан тыс кеңесшісі Олжас Құдайбергенов азаматтардың зейнетақы жинақтары арқылы тұрғын үй мүмкіндігі туралы былай деді: «Бұған дейін мұндай мүмкіндік тек 102 мың адамға беріледі деп топшыланған. Бірақ қазір жағдай өзгерді. Мұндай мүмкіндік берілетін тұрғындар саны көбейе түседі. Бүгінде осы мәселе қарастырылып жатыр. Сондай-ақ бұл мүмкіндік азаматтардың бәріне берілуі үшін тұтастай зейнетақы жүйесі өзгертілетін болады». Оның айтуынша, Мемлекет басшысы бұл шешім халықтың 1 пайызының емес, 99 пайызының сұранысын қанағаттандыра алатындай болуына мүдделі екенін жеткізді.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ арқылы жүзеге асырылатын қанатқақты жоба бойынша азаматтар баспананы «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде салынған жаңа үйлерден сатып ала алады. «5-10-20» жобасының шарты бойынша 5 пайыз – несие мөлшерлемесі, 10 пайыз – бірінші жарна және несиелеу мерзімі – 20 жыл.

Аталған жобаға жергілікті атқарушы органдарда баспанаға мұқтаж жандар ретінде тіркеуде тұрған азаматтар қатыса алады. Банк тарапынан берілетін несие сомасы өңірлерге байланысты белгіленеді. Ол Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары үшін 18 миллион теңгеден аспауы тиіс. Ал Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Түркістан және Қарағанды облыстары мен Шымкент қаласы үшін – 15 миллион теңге. Басқа өңірлер үшін 12 миллион теңге белгіленген.

Әкімдік салдырған несиелік үйлердің әр шаршы метрінің бағасы келесідей болып бекітілді: Алматыда – 240 мың теңгеге дейін; Нұр-Сұлтан қаласында және қала маңында – 220 мың теңгеге дейін; Шымкент пен Алматы қаласының маңы – 200 мың теңгеге дейін; Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Түркістан және Қарағанды облыстары үшін – 180 мың теңгеге дейін; Қалған өңірлер үшін – 160 мың теңгеге дейін.

2020 жылы елімізде рекордтық көлемде құрылыс салу жоспарланған: 15 млн шаршы метр немесе 150 мың пәтер. Еуразиялық интеграция институтының сарапшысы Самат Нұртаза «5-10-20» бағдарламасы азаматтар үшін баспананы қолжетімді етеді деп санайды.

– Аталған бағдарлама 1 шілдеден бастап іске қосылады. Бұл көптеген жас отбасылардың баспана проблемасын шешуге мүмкіндік береді. Өйткені кез келген ұйымдарда мамандардың жартысының жеке баспанасы жоқ. Бұған дейін журналистикада, қазір институтта жұмыс істейтін адам ретінде әріптестерімнің көпшілігінің баспанасы жоқ екенін, тіпті әлі күнге сатып ала алмай жүргенін білемін. Сондықтан жаңа бағдарлама бұл проблеманы шешуге мүмкіндік береді, ол «7-20-25» бағдарламасына қарағанда тиімдірек. Президент әлеуметтік желілерде жұмыс істейді, сондықтан елдің баспанаға мұқтаждығын жақсы біледі. Бұл проблема астанада да, өңірлерде де ушығып тұр. Үкімет тұрғын үй проблемасын шешіп берсе, басқа проблемалар өздігінен шешіле беретініне сенімім мол. Баспанасы бар адам – мүлдем басқа адам, – дейді С.Нұртаза.

№72 (4041) 20 маусым 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

СӨМКЕНІ ҚОЯ ТҰРЫП, БЕТПЕРДЕ ТІККЕН

Карантин кәсіпкерлерге қалай әсер етуде? Осы және өзге де сұрақтар жөнінде жас кәсіпкер, DamysBrand компаниясының негізін қалаушы, Еуразия дизайнерлер одағының мүшесі, «Жылдың үздік дизайнері-2019» медалінің иегері Дамыс БОЛАТХАНМЕН сұхбат құрдық.

– Әңгімені бірден медициналық бетпердеден бастасақ. ТЖ кезінде бетперде тіккендеріңіз туралы естідік. Тегін үлестірдіңіздер ме?

– Иә, тегін де үлестірдік. Карантин кезінде ішерге асы болмай, тұрмыстық қиындық көріп отырған бірқатар отбасыға ерікті жастармен бірге азық-түлік тараттық. Сол кезде өзіміз тіккен бетперделерді тегін де үлестірдік. Негізінде бетперде тігеміз, оны таратамыз деп ойлаған жоқпыз. Алайда төтенше жағдай жарияланып, елде бетперде жетіспеушілігі болған кезде өзіміз қаншама тігін машинасын ұстап отырғандықтан, 10 шақты метр мата сатып алып, туыстарымызға тігіп бердік. Одан кейін жұртшылыққа жаппай таратпасақ та, мұқтаж отбасыларға ұсындық. Сол кезде бетпердені тек өзіміз ғана тігіп қоймай, әлеуметтік желі арқылы көпшілікке тәжірибемізбен бөлісіп, біршама адамға үйреттік. Егер мата жоқ болса, ескі-құсқы киімнен де бетперде тігуге болатынын көрсеттік.

– Ал сатылымдағы құнын қаншаға бағаладыңыздар?

– Сатамыз деп те ойлаған жоқпыз. Дегенмен тігіп жатқанымызды көрген соң тапсырыстар да түсіп жатты. 1 бетперденің сатылымдағы бағасы 500 теңге болды.

– Жалпы, бетпердені тігудің талаптары бар ма? Мысалы, қолдан тігілген бетперделерге логотиптер жаздырып, тастармен көмкергендер де бар.

– Аса айтарлықтай талабы жоқ. Дегенмен демалуға ыңғайлы болатындай матаның жұқалтаң болғаны жақсы. Содан соң гигиеналық тазалық сақтау үшін бетперденің ішкі жағын ақ матадан болуын ескерген жөн. Себебі ақ матадан оның кірленгені тезірек байқалады. Резеңкесіне де мән берген дұрыс. Әйтпесе, байқасаңыздар, бетперделердің көбі қатты тартылып тұрғандықтан, адамдардың құлақтарын қалқитып жіберді. Оның бостау болғаны абзал. Тұтынушылардың тапсырысы бойынша біз де бетпердеге олардың қалауынша логотип, аты-жөндерін, өздеріне ұнайтын кез келген жазуды тігіп беріп отырдық.

– Жаңа ТЖ кезінде мұқтаж отбасыларға азық-түлік апарғандарыңыз туралы айтып өттіңіз. Жалпы, қайырымдылықпен де айналысасыздар ма?

– Әрине. Бұл тұрғыда қайырымдылықпен айналысып жүрген елге белгілі блогерлердің бірі Батыржан деген азаматтың септігі тиді. Алдағы уақытта да қайырымдылық шараларымыз өз жалғасын табады деп үміттенеміз.

– Бәрекелді! Карантин кәсіпкерлерге қалай әсер етуде?

– Қандай кәсіп болсын өте ауыр болды. Әсіресе, маған қаттырақ әсер етті. Неге десеңіз, осы уақытқа дейін 15 шаршы метр, кейіннен 30 шаршы метрлік орынды жалға алып, мен өзім ғана жұмыс істеп келгенмін. Бұрыннан дүкен ашу, кеңсе ашу арманымыз болған еді. Сол көп жылдық жоспарымызды енді ғана жүзеге асырып, 15 наурыз күні қазіргі кеңсеміздің ашылу салтанатын жасағанбыз. Алайда 17 наурыз күні карантинге жабылдық. Ашыла салып, 1-2 күннен кейін қайтадан жұмысты тоқтату мен үшін өте ауыр болды. Дегенмен өз басыма ғана емес, еліміздің, тіпті бүкіл әлемнің басына төнген дағдарыс болғандықтан, тоқырау кезінде бір тоқтап, біраз дамылдап, жобажоспарымызды қайтадан бір қарап шықтық. Ұжымымыз тарағанмен, мен өзім арасында кеңсеге келіп, жоспар құрып, аяқталмай қалған тапсырыстарды орындап жүрдім.

– Төтенше жағдай режимінен кәсіпкер ретінде қандай сабақ алдыңыз? Енді нені өзгертуіңіз мүмкін?

– ТЖ кезінде күнкөрісі төмен отбасылардың жағдайын көргенде көп ой түйдік. Қазақстанда шағын өнеркәсіптің дамуына атсалыссақ, қазақ жастарының кәсіпкерлікке көптеп тартылуына үлес қоссақ деген ой пайда болды. Елімізде жастарды бизнеспен айналысуға баулитын мектептер, мотиваторлар саусақпен санарлық екенін көріп жүрміз.

– Өзіңіз туралы аз-кем айтып өтсеңіз. Кәсіпті бастағаныңызға қанша уақыт болды? Бұл кәсіпке қалай келдіңіз? Негізгі мамандығыңыз қандай?

– Қазір 28 жастамын. Кәсіп бастағаныма екі жыл болды. Бала кезімнен кәсіпкер болуды армандадым. Жақсы киінетін, жақсы көлігі бар орта жастағы азамат маған кәсіпкер болып елестейтін. Қазір сол образды өзімнен көремін. Тырмысып кәсібімді аштым, жақсы көлікті де алдым. Әрине, қымбат көлікті ұстап тұруға аздап қиналуым да мүмкін. Дегенмен соған лайық болуға тырысып бағудамын. Моңғолияда дүниеге келдім. 2004 жылы ата-анамызбен осында, Ақмола облысының Ерейментау өлкесіне көшіп келдік. 3-сыныптан бастап мектепті сол жақтан бітірдім. Содан арман қуып, астанаға келіп, осында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығында оқыдым. Қаладағы №66 мектеп-лицейінде 5 жыл дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып қызмет еттім. Ол қызметті де абыроймен атқардым деп ойлаймын. Балаларға тек доп беріп қана шектелмей, дұрыс тәрбие беруге тырыстым.

Жалпы, әр азаматта елге, жерге, Отанға, отбасына, ұлттық құндылықтарға деген махаббат болады. Ал біз Моңғолияда тұрғанда да ес білгеннен салт-дәстүрімізді санамызға сіңіріп, төрт түлік малды танып, жылқы ұстап, бәйгеге шауып өскен қазақпыз ғой. Бала күнімде кейін көлік алғанда ішін қазақы ұлттық ою-өрнекпен безендіруді ойлайтынмын. Анамның іс машинасын пайдаланып, өз киімімнің өлшемін қысқартып немесе кеңейтіп алатынмын. Осы іске өзімнің қабілетімнің бар екенін білмеген екенмін. Сөйтіп, ешкімнен үйренбей, өз бетімше ізденіп, тігін машинасын сатып алдым. Басында тігістерден басым қатып кететін. Мектептегі жұмысыммен қатар алып жүрдім. Арасында таксист боламын. Мұғалімдік жұмысымды тастағым да келмеді. Алайда бала кездегі арманымды жүзеге асыру керек болған соң бір жағына шықтым.

– Қазір қанша адамды жұмыспен қамтып отырсыз?

– Қазір ұжымда өзімді қосқанда 7 адам жұмыс істейміз. Айта кету керек, кәсіп бастауда мен тек тігуді ғана үйренген жоқпын. Іс жүргізу, оның есебі, тапсырыс қабылдау, келіссөз жүргізу, тауарды жарнамалаудың бәрін меңгеруге талпынып, соның бәріне уақыт табуға тырыстым. Сөмкелерді тігетін 3 шебер дайындап жатырмын. Бір маманымыз әлеуметтік желіні сауатты жүргізумен айналысады. Жұмысты үйлестіретін директор тағайындадық. Мен компанияның негізін қалаушы ретінде келіссөздермен, басқа да өзіме тиесілі істермен шұғылданамын.

– Қандай өнім шығарасыздар? Тапсырысты тек әлеуметтік желі арқылы қабылдайсыздар ма?

– Тапсырыс бойынша түрлі сөмке тігеміз. Оған тапсырыс берушінің қалауына қарай жазу, логотип тігіп береміз. Біздің сөмкелердің бағасы 10 мың теңгеден басталып, 200 мың теңгеге дейін барады. Жалпы, мені көпшілікке танытқан авторлық сөмкем – DamysBrand трансформер. Олай дейтінім, бұл сөмке жан-жағынан ашылады. Оған костюм-шалбарды да, туфлиді де, керек заттарды да, қалам мен блокнотты да салуға арналған бөліктері бар. Одан бөлек, телефонның заттарын, басқа да ұсақ-түйекті салуға арналған орын қарастырылған. Керек десеңіз, галстукты мыжылмас үшін ұзыннан салып қоюға болады. Біз көбіне сапарлап шыққанда сөмкеден бөлек костюм-шалбарды қапшығымен ұстап жүреміз ғой. Содан маған «сөмкені көпшілікке ыңғайлы етіп шығарсам» деген ой келді. Осылайша костюм-шалбардың қапшығын сөмкеге айналдырдым деуге болады.

> Былтыр Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне барып құжат тапсырып, бағымды сынап көрдім. Онда трансформер сөмкемді ұсындым. 250 адам қатысыпты. Соның ішінен 60 адамға 3 миллион теңгенің гранты берілді. Оның бірі менмін. Төбем көкке жеткендей болды. Сол 3 миллион теңгеге немістің тігін аппаратын сатып алып, қолымыз ұзарды. Соның арқасында қазір тапсырыс берсе, сөмкені кешке дейін дайындап беретін жағдайға жеттік

Тапсырысты көбіне әлеуметтік желі арқылы қабылдаймыз. Адамдар бір-бірінен де естіп келіп жатады. Инстаграмды бұрын тек әртістердің өмірін насихаттайтын құрал деп қабылдайтынмын. Кейіннен оның кәсіп жасаудың мүмкіндігін кеңейтетінін түсіндім. Соның арқасында қазір шетелдегі қазақтардан да тапсырыс алып, Еуропаның бірқатар еліне, Түркияға ұлттық тауарымызды жолдаған кезіміз болды.

– Материалды қайдан аласыздар? Тігін машиналарыңыз, станоктарыңыз туралы айтып өтсеңіз. Бір сөмкені тігуге қанша уақыт жұмсайсыздар? Мемлекет тарапынан, әкімдік тарапынан қандай да бір қолдау бар ма?

– Материалды бірнеше жерден аламыз. Таза былғарыны пайдаланамыз. Негізінен, отандық шикізатты тұтынамыз. Сырттан да алатын ұсақ-түйек материалдарымыз бар. Жалпы, өнімнің сапасына баса мән береміз. Тіпті сөмкенің кейбіріне бірнеше ай, тағы біріне 1 жылға дейін кепілдік беріледі. Былтыр Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне барып құжат тапсырып, бағымды сынап көрдім. Онда трансформер сөмкемді ұсындым. 250 адам қатысыпты. Соның ішінен 60 адамға 3 миллион теңгенің гранты берілді. Оның бірі менмін. Төбем көкке жеткендей болды. Сол 3 миллион теңгеге немістің тігін аппаратын сатып алып, қолымыз ұзарды. Соның арқасында қазір тапсырыс берсе, сөмкені кешке дейін дайындап беретін жағдайға жеттік.

– Жастарға кәсіп бастау үшін ең бірінші нені білуі керек?

– Кәсіп бастау үшін әр адам ең алдымен өз-өзімен күресуі керек. Алдағы уақытта қазақ жастарын кәсіпкерлікке тарту үшін өз тарапымнан күш салып, үлес қосқым келеді. Қажет болса бизнес-тренер, мотиватор боламын деген ойым бар.

Нұрдәулет КӘКІШТЕГІ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында маңызды міндеттердің бірі ретінде халық үніне құлақ асатын мемлекет қалыптастыру туралы айтқан болатын.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТИІМДІЛІГІ

IT-технологиялар сот өндірісінің ұтқырлығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, халықтың уақыты мен қаражатының үнемделуіне септігін тигізеді. Көпшілік қауымға мәлім, сот жүйесіне енгізілген озық технологиялардың бірі ретінде «Сот кабинеті» ақпараттық қызмет көрсету түрі танылады.

Сервис сот органдарының «Төрелік» ақпараттық сервисімен тікелей шоғырландырылған. «Төрелік» өз кезегінде сот органдарының автоматты ақпараттық жүйесі болып табылады. Судья «Төрелік» жүйесі арқылы сот актілеріне электронды санды қолтаңбасын қойған жағдайда сот шешімдері «Сот кабинеті» сервисіне бірден жүктеледі. Сервис қолданушылары іс бойынша сот өндірісін бақылап, электронды сот актілерімен танысып, оларға шағым түсіре алады, басқа да өтініш-талаптар ұсынып, өзіне іс бойынша қажетті барлық мәліметтерден хабардар болады. Бүгінгі таңда «Сот кабинеті» сервисіне сот отырыстарының аудио-бейне таспаларын алу қызметі де қосылды. 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы соттарға «Сот кабинеті» ақпараттық жүйесі арқылы 6191 электронды өтініш, шағымдар келіп түсті. Ал 2018 жылы электронды өтініш саны 4824-ті құрады.

Елорда соттары 2019 жылы «TrueConf» мобильді қосымшасы арқылы 1665 істі басқа аймақтағы соттарға қосылу арқылы қараған. Ал 791 іс мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қаралған.

2019 жылы бейнеконференцбайланыс арқылы Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мекемелерімен 579 сот отырыстары өткізілді. Сонымен қатар «Facebook» әлеуметтік желі арқылы сот өндірісіне қатысты 343 өтініш түсті. Барлық өтініш-шағымдарға шұғыл түрде жауаптар, түсіндірмелер берілді.

Ботагөз БАЯНОВА,
Нұр-Сұлтан қалалық сотының ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

Ертең мәртебесін жаһандық пандемия арттыра түскен мамандық иелері – медицина қызметкерлерінің төл мерекесі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2003 жылғы 15 қарашадағы Жарлығымен маусымның үшінші жексенбісі медицина қызметкерлерінің күні ретінде аталып өтеді. Биыл 21 маусымға түсіп тұрған төл мерекелерін ақ халаттылардың әдеттегідей атап өте алмайтыны белгілі. Дегенмен тән саулығын тексертіп, дерт шалғанда көмегіне жүгінетін абзал жандарды қашан да ардақтауымыз қажет.

АБЫРОЙЫҢ АРТА БЕРСІН, ДӘРІГЕР!

Райхан **РАХМЕТОВА**

Коронавирус келмесе олардың қадірін дәл қазіргідей білеміз бе, білмейміз бе, белгісіз. Ел ішінде дертіне дауа таппай, дәрігердің қателігін бетке басып немесе жаңсақ пікірмен жала жабатындар да кездеседі. Бес саусақ бірдей емес. Дегенмен медицина мамандары бұрын да, қазіргі қиын эпидемиологиялық ахуал кезінде де өз өмірі мен денсаулығын қауіп-қатерге тігіп, коронавируспен күресте ең алдыңғы шепте жүргенін ұмытпауымыз керек.

– Медицина мамандары пандемия басталғалы күн сайын елге кеңес етіп айтатын маска тағу, қашықтық сақтау, санитайзер пайдалану, қолғап кию сынды барлық сақтық шараларын алдымен өздері міндетті түрде орындайды. Бұл – басты қауіпсіздік құралымыз. Себебі бізге дәл қазір ауыратын уақыт жоқ. Өз басым аптасына бір рет коронавирустың бар-жоғына тексерілемін, – деген еді ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов. Соған қарамастан ол да артынша инфекция жұқтырып, оқшауланды.

СӨЗ ЖЕТПЕСЕ, КӨЗ ЖЕТКІЗБЕК

Осылайша, ең жоғары деңгейде қорғалған елдің көшбасшы азаматтарының өзі бірінен соң бірі инфекция жұқтырды. Бірақ сонда да эпидемиологиялық ахуалдың асқынуын сан-саққа жүгіртіп жатқандар бар. Вирус жұқтырғандардың әлеуметтік желіде қалдырған сөзіне де сенбегендер үшін министрлік енді БАҚ өкілдерін науқастар жатқан емдеу орындарына кіргізіп, олардың қазіргі жағдайын өздерінің рұқсатымен шынайы көрсетуге дайын. Министрдің айтуынша, қазір Қазақстанда аталған аурудың таралу деңгейі басқа мемлекеттермен салыстырғанда жоғары емес, 100 мың адамға шаққанда 26 адамнан кеп тұр. Ауру деңгейі карантин енгізгеннің арқасында көтерілмеген. Қатаң шектеу шаралары алынып тасталғалы қайтадан жағдай ушығып, өткен аптамен салыстырғанда сырқаттанушылық 1,9 есе өскен. Ауру жағдайларының жалпы санының 44 пайызы байланыста болған адамдар арасында тіркелген, 36 пайызы кәсіптік тексеру жүргізу кезінде анықталды, 19 пайызы ЖРВИ-мен ауырған пациенттер арасында, әкелінген жағдай – 1 пайыз.

ЖЕҢІЛ ТҮРІ ДЕП ЖЕҢІЛ ҚАРАМАҢЫЗ

Клиникалық белгілері жоқ елордалық науқастар жалпы КВИ бойынша қалада тіркелгендердің 80 пайызын құрайды. Олар – ПЦР тестілеу арқылы анықталып жатқандар. Бұл науқастар бастапқы медициналық қызмет көрсету орындары дәрігерлерінің амбулаторлық бақылауында болып, үйде оқшауланады. Аурудың жеңіл түріне жататын науқастардың дем алысында еш қиындық болмайды, 1 минуттағы дем алысы 24 реттен кем емес, дене қызуы 38 градустан төмен, тамыр бүлкілі минутына 60-80 рет соғады. Тек жеңіл қабынулар, яғни тамақтың қызаруы, жыбырлауы, аздаған болар-болмас жөтел болуы мүмкін.

Ләззат АҚТАЕВА, ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы:

– Қазақстанда коронавирус жұқтырған 23 960 науқас тіркелді. Соның ішінде 7 609 адамда ауру симптомдары жоқ. 13 716 науқас емін жалғастыруда. 10 139 науқас сауығып шықты, 105 адам осы аурудан қайтыс болды. Бүгінгі күні тестілеу қуаты 28 мыңға дейін жеткізілді. Барлығы КВИ-ға 1 271 471 тест жүргізілді. Қазақстанда 1 КВИ жағдайына 78 тесттен келеді. Бұл Ресей, АҚШ, Италия, Канада, Австриядағы тестілеу деңгейінен жоғары, 100 мың тұрғынға шаққанда тест саны 6824-ті құрайды. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес зертханалық тексеруге: науқастар мен вирус тасымалдаушылар, ЖРВИ, тұмау, пневмониямен ауыратын науқастар, науқастармен байланыста болған адамдар, стационарлар мен медициналық-әлеуметтік мекемелерге жатқызылған адамдар, медицина қызметкерлері, әскерге шақырылушылар, ҚР аумағына келетін адамдар жатады.

БЕС ҚАРУЫН САЙЛАМАҚ

Бастапқыда коронавируспен күресте басты қажеттіліктер маска жетіспеушілігі туындағаны мәлім. Мәселен, бұрын Денсаулық сақтау министрлігі кәсіпорындардан 20 млн маска сатып алатын болса, қазір ай сайын 10-15 млн данадан алуда. Осылайша өткен 6 айда маскаға қажеттілік 111,2 млн дананы құраған. Бүгінде тәулігіне 413 мың дана маска қажет. Сол себепті елде маска шығаратын кәсіпорындар қатары төртеуге арттырылып, 13 нысанға жеткізілмек. Бұған дейін ПЦР тестіні де шетелден сатып алған болсақ, енді қазақстандық ғалымдар небәрі 6 күнде коронавирустың бар-жоғын анықтайтын сенімді тест жүйесін әзірледі. Олардың өндірісі биыл күзде жанданбақ. Жылдың алғашқы жартысында қорғану костюмдерінің қажеттілігі 1,3 млн дананы құраған. Жылдың соңына дейін қорғану костюмдерін шығаратын 3 кәсіпорын іске қосылмақ.

Шамамен елордалық 4 мыңға жуық медицина қызметкері дертпен күреске жұмылдырылған, бұл қаланың денсаулық сақтау басқармасына қарайтын барлық медицина ұйымдары қызметкерлерінің 35%-ын құрайды. Жалпы елордада халық денсаулығын жақсарту үшін 19 мыңнан астам медицина қызметкері еңбек етеді

Сонымен қатар кеше Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Денсаулық сақтау министрлігі өкілдерінің қатысуымен өткен онлайн-кеңесте ПЦР-тестілер мен өкпені жасанды желдету және компьютерлік томография аппараттары қосымша сатып алынатынын айтты. Осылайша әкімдік пен аталған министрлік Жол картасын бекітті. Бұл туралы әкім өзінің инстаграм парақшасында мәлімдеді.

Любовь РОБВА, елордалық журналист, вирустың симптомсыз түріне шалдыққан науқас:

– 13 маусымда аздап белгі бере бастады. Қызуым көтерілді, басым ауырып, әлсіздік пайда болды. Сол күні ұжым болып коронавирустың бар-жоқтығына ПЦР тесттен өткенбіз. Оның нәтижесі 16 маусымда шығып, вирус бар екені анықталды. Оған дейін иіс сезу қабілетім төмендеп, тамағым жыбырлайтын болды. Қызуымды күн сайын өлшеп отырдым, шамамен 37, 37.2 градусты көрсетіп тұрды. 17 маусымда 103-ке соғып, тест нәтижесі туралы айтпақ болдым. Үйде кішкентай 5 жастағы ұлым да ЖРВИ белгісі бойынша тұмауратып қалған еді. Соның бәрін айттым, олар деректерімді жазып алды да, дәрігер қоңырауын күтуімді сұрады. Бірақ сол күні ешкім соқпады. Сосын шыдамай, жедел жәрдемге қайтадан телефон соққанымда тағы да күтіңіз деді. Келесі күні 109-ға соқтым, олар менің бұған дейінгі қоңырауларым жойылып кеткенін айтып, қайта тіркеді. Сөйтіп 18 маусымда ғана дәрігер маған хабарласып, жағдайымды сұрап, антибиотиктер жазып берді. Ал рентгенге тек қызу 38 градустан жоғарылап, демікпе болса ғана түсу керектігін айтты. Менде жоғарыда айтқандай, симптомдар болғанмен, стационарға жібермегеніне қарағанда жеңіл түрі болар. Елордада ахуал нашарлағасын медицина қызметкерлеріне жүктеме көп түсуде.

ӘЛІ ДЕ КАРАНТИН РЕЖИМІНДЕ

Нұр-Сұлтан қаласы – елімізде эпидемиологиялық ахуал нашарлап тұрған өңірлер қатарында. Бүгінге дейін клиникалық белгілері бар 3113, симптомсыз 939 адам тіркелді. Бұл – Қазақстан бойынша тіркелген науқастардың 19%-ы. 2114 адам жазылып шақты, 25 науқас қайтыс болды. Қазір 1479 науқас емделіп жатыр. Симптомды науқастардың 59%-ы – ерлер. 17 жасқа дейінгі науқастар – 10,4%, ең көп бөлігін 30-49 жас аралығындағылар құрайды, олардың үлесі – 34%. КВИ клиникасы бойынша жедел жәрдемге қоңырау шалатындар саны тәулігіне 4116-ға жетіп, 12%-ға артты. Коронавирус инфекциясымен күрес үшін қаладағы медициналық ұйымдардағы кереует қорының 58%-ы дайындалды. Шамамен елордалық 4 мыңға жуық медицина қызметкері дертпен күреске жұмылдырылған, бұл қаланың денсаулық сақтау басқармасына қарайтын барлық медицина ұйымдары қызметкерлерінің 35%-ын құрайды. Жалпы елордада халық денсаулығын жақсарту үшін 19 мыңнан астам медицина қызметкері еңбек етеді.

Қалай болмасын, қазіргі таңда барлық науқастардың өмірі мен денсаулығы – әдеттегідей ақ халатты жандардың қолында. Жазылып шығып, жан саулығы үшін алғысын білдіріп жатқандар қаншама. Солардың қатарын арттырып, тұтас бір елді қауіпті індеттен аман алып қалудағы медицина қызметкерлерінің жанкешті еңбегі еш кетпей, ерліктері үшін елдің қошеметіне бөленер күн тусын деп тілейміз!

2003 – қой жылғы газеттің беташары марқұм Ақселеу Сейдімбектің ықыласты лебізімен ашылыпты. «Жалпы алғанда Қазақстан іскерліктен, орамдылықпен тактикалық және стратегиялық тізгінді тең ұстап, болашаққа батыл қадам басып бара жатқан ел ретінде жүрегіме орасан зор қанағат сезімін ұялатады» деп бастаған Ақселеу аға сөзінің соңын «қазақ халқының ұлттық рухы оянып, арман-мұраты биіктеп, жігері таси түссін» деп ақырластырыпты. Жалпы бұл жылы елімізде және Астанамызда үлкен жаңалықтар өте көп болыпты.

КЕДЕЙЛІКПЕН КҮРЕС

Бір жылдық газетті ашып отырып байқағанымыз, осы жылы елімізде кедейлікпен күрес шарасы едәуір қарқынды жүрген сынайлы. Аталған тақырыпта көбірек қалам тартқан әріптестеріміздің арасында А.Нұр-Алтайдың «Тұрмыс тұтқасы неде?» деген мақаласы оқырманға ой салатындай өте өрелі жазылыпты. Еліміздің кедейшіліктен күрестегі атқарған жұмыстарына бір-бірлеп тоқталған автор «кедейшіліктен құтылудың жолы тек билікке ғана емес, ниетке де байланысты» екенін айта келіп, мақаласының соңын «ертеден қара кешке дейін билік басындағыларды сынауды әдетке айналдырып, өзіміз үйде жамбастап жата берсек, ешкімнің де қарны тойып, бала-шағасын асырай алмасы анық. Күнкөрістің негізі – адал еңбек» деп түйіндепті.

ҚАЗАҚТЫҢ КАПИТАЛИСІ

Газеттің 3 нөміріне қатарынан жарты беттен берілген өлкетанушы Ерлан Күзекбаевтің «Қазақтың капиталисі» деген мақаласында Арқа жерінде өткен атақты бай, көпес Баймұхамбет Қосшығұлов туралы тамаша деректер айтылыпты. 1848 жылы туып, 1916 жылы қайтыс болған Баймұхамбет Қосшығұлов ата-анасынан жастай жетім қалғанымен, ете тірлігінің арқасында қоғамдық өмірге ертерек араласып, Масғұт деген татар көпесімен бірлесіп сауда-саттық жұмыстарымен айналысыпты. 19 ғасырдың аяқ шенінде Ақмоладағы ірі байлардың біріне айналған ол саудамен айналысумен қатар, тері-терсек заводы, сабын заводы, кірпіш заводы сияқты өндіріс орындарын да ашыпты әрі Ресей, Батыс Еуропа, Орта Азия елдеріне сауда керуендерін үзбей жүргізіп тұрыпты. 1911 жылы 1-ші гильдий көпесі атағына ие болған ол Ақмола қаласын өркендетуге көп күш шығарған тұлғалардың бірі ретінде танылған мақалада оның ұрпақтары жайлы да тың деректер айтылған. Кешегі кеңес дәуірінде аты да аталмай кеткен осы бір ұлағатты тұлғаны дәуір нұрымен қайта жаңғыртып, еңбектерін елге таныстырған бұл мақаланың қашанда тарихи құны өте жоғары.

ТҰҢҒЫШ СУРЕТШІНІҢ ҚҰДІРЕТІ

Қазақтың атақты суретшісі Әбілхан Қастеев жайлы жазылған Қымбат Тоқтамұраттың «Қазақтың тұңғыш суретшісі» мақаласы да қызды жиған жүгіндей жинақы жазылып, Қастеев қаламының көп қатпарын ашыпты. Үш жасында әкеден жетім қалған Әбілханның байларға жалшы болып 13 жыл қой баққаны, қой бағып жүріп байлардың суретін тасқа сызам деп талай таяқ жегені, қазыққа керіп байлап, үстінен қой айдағаны, керек десеңіз, молда-қожалардың «сурет салу, адамның бейнесін жасау – сайтанның ісі. Ол құдай алдында күнәһар» деп бүкіл елді оған қарсы қойғанына дейін әсерлі бейнеленіпті.

«АДАМНЫҢ АТЫ-ЖӨНІ – ҰЛТТЫҚ КӨРСЕТКІШІ»

«Қазақтың фамилия туралы ұғымының әртүрлі болғаны себепті оны айтуымен қағазға түсіру көрінісі де ғасырлар бойы әртүрлі болып келеді. Бұл ыңғайда бірізділіктің сақталмауы әркезде әркімнің алуан түрлі пікірталасын туғызып жүр» деп сөз бастаған профессор Мырзатай Сергалиев қазақтардың аты қайсы, фамилиясы қайсы екенін айырудың күн сайын қиындап бара жатқанын алға тартып, бұған бірізділік қажет екенін дәлелді дәйекпен түсіндіріпті. Қазақы ұғымға сыйымды ұлы, қызы деген үлгіден сырт, атаның соңына пәленбай келіні, шөбересі деп қосып жазатын жағдайдың жарыққа шыққанын, орыс тілінің әсерінен шыға алмай, ия, ян, нко, евич... сияқты жалғауларды жалғап алып жүргендердің де кездесетінін атап өткен автор қазақы үлгідегі аты-жөн жазудың үлгісі ретінде қазақтың шежірелік үлгідегі ұрпақ тарату әдісі «дан, ден» жалғауын жалғап, «Төлеубай Ертістікұлы Аманбайдан» деп жазу керек деген ұсынысын ортаға салып, «грузин, армян, украин азаматтарының аты-жөнінен ұлты білініп тұратыны сияқты, біздің фамилиямыздан да шыққан тегіміз аңғарылып тұруы керек» деп ақырластырыпты.

Ең қызығы, 15 жыл бұрын айтылған осындай орынды ұсыныстар әлі күнге дейін елеусіз қалып келеді. Яғни әлі күнге дейін Қазақстанда аты-жөн жазуда бірізділік жоқ немесе совет заманынан қалған үлгі баяғы қалпымен өзгермей келеді.

ЕСІЛ ЖАҒАСЫНЫҢ 200 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ

Жалпы «Астана ақшамының» қай нөмірін ашып қарасаңыз да, бас қаламыздың өсу, өркендеу барысы ешқашан назардан қағыс қалған емес. Бірде Астананың арғы тарихына ат шалдырса, бірде бүгінгі бағындырған белесін бедерлеген газеттің 2003 жылғы мамыр айындағы нөмірінде Амантай Әбілдының «Есіл жағасындағы ғасыр қаласы» деген мақаласы жарияланыпты. Астананың жеткен жетістігімен қатар, өткен тарихына да үңілген журналист 19-20-ғасырларда қазіргі Астанамыз тұрған жерде кімдер қоныстанғанын, қай дәуірде қанша мал болғанына дейін жазып, Есіл жағасындағы бергі 2 ғасырлық тарихты қайта бір аунатып, бүгінгі Астананы ғасырдың ғажайыбы ретінде суреттепті.

Серік Оспановтың «Астананың негізі қашан қаланды?» деген мақаласы да Астана тарихынан мол тағылым береді. Тарихи деректерді бір-бірлеп салыстырған бұл мақалада Ақмоланың іргетасы 1824 жылы емес, 1830 жылы қаланғаны айтылып, 1998 жылы қала аты Президенттің Жарлығымен «Астана» деп өзгергенге дейінгі тарихы тізбеленіпті.

ЖАЗ ТОЙЫ – «ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ»

Қазақ халқы наурыз деп жыл басын тойласа, «қымызмұрындық» деп жаз тойын, миза, сабантой, ақсабан деп күз тойын тойлап, соғым басымен қыстың басын қарсы алған. Ұлтымыздың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан осы бір маусымдық мерекелерінің арасында «қымызмұрындық» мерекесін ЮНЕСКО адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы деп таныды. Атап айтқанда, қазақтың «бие байлау», «айғыр қосу» және «қымызмұрындық» жоралғылары адамзаттың материалдық емес, мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне 2018 жылы «қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі әдет-ғұрыптары» деген атпен енгізілген болатын. Міне, осы бір мереке бас қаламызда 1992 жылдан бастап тойланғанын біз Қымбат Тоқтамұраттың «Ата сусын – ақ қымыз» деп аталатын мақаласынан біздік. «Қымызмұрындық» мерекесінің шығу барысын, қымыздың емдік қасиетін тілге алып, «қымызмұрындықты» мерекелеудің Астана үшін маңызына тоқталған тілші мерекенің әр жылы жоғары деңгейде аталып өтетінін жазыпты. Ендеше, ұлттық дәстүрімізді жаңғыртып қана қалмай, бас қаламызға көптеп туристер тартуға да көп мүмкіндік беретін осы бір мереке соңғы кезде неге ұмыт қалды? Ол «адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы ғой» деген ойымызды да ортаға сала кетейік.

БАЛУАННАН ҚАЛҒАН АМАНАТ

Арман Әменұлының қазақтан шыққан қарақұштың иесі, жауырыны жерге тимеген балуан Қажымұқан жайлы бір мөлтек сыр шертетін «Аманат» деген мақаласы да қызықты деректерге толы. Мақалада күш атасы Қажымұқанның 1912 жылы чемпион болғанда алған медалі Нұра өңірінде тұратын Шеру Сейтқалев ақсақалдың үйінен табылғаны жазылып, медальдің қашан, қалай алынғаны, оны балуанның өзін қолдап, қуаттап жүрген Сымайыл қажыға «балаларыңа бабалық белгі болсын» деп сыйға бергені жазылыпты. Балуаннан қалған осы бір жәдігерді көзінің қарашығындай қорғап, сақтаған Сымайыл ұрпақтарына үлкен алғыс білдірген автор мақаласын «бұл медальді Ақмоланың тумасы болған Қажымұқанның мұражайына қоятын кез келді» деп түйіндепті. Балуанның 1923 жылы бозкілемге шығар алдында түскен фотосы да мақалаға қоса берілген.

АУДАРМА АЛА БОЛСА...

«Ала-құла аудармалар қайдан шығып жатыр?» деген Төлеубай Ілдебаевтің мақаласында да ана тілімізге, әсіресе аудармадағы келеңсіздіктер жайлы біраз нәрселер айтылыпты. Аударма тілінде қазақтың сөз жасау, сөйлем құрау дағдысына үйлеспейтін, тіліміздің табиғатына жат сөздердің барған сайын көбейіп бара жатқанына нақты мысалдар келтірген әріптесіміз тұтас қоғамды аударма тіліне назар аударуға шақырыпты. «Аударманың қадірін кетірмей, оның сапасына жауапкершілікпен қараған жөн. Өйткені ол кейбіреулер ойлағандай, кім көрінгенінің қолынан келе беретін жеңіл-желпі іс емес. Оған да жан-жақты білім керек. Себебі ол – мемлекеттік тілде іс жүргізудің бір шарты. Аударма ала болса, тілің де шала болады» деп түйіндесе, Астана қаласы денсаулық сақтау саласының маманы А.Айтқазин медицина саласындағы мемлекеттік тілдің жағдайын, әсіресе, атау-термин мәселесін көтеріп, медицина саласын қашан қазақша сөйлетеміз деген ойын ортаға салыпты.

АБАЙҒА ЖАЗЫЛҒАН ХАТ

– Ассалаумағалайкүм! Биік мәртебелі, аса құрметті, жұрт ардақ тұтатын Ибраһим мырза! Сізге Ақмола облысының барша оязының қадірменді адамдарының атынан өкілдік алып жазып отырмын, – деп басталыпты жазушы Қуаныш Ахметовтің «Қосшығұлдың Абайға жазған хаты» деген мақаласы. 1906-1907 жылдары Ресей думасына қатарынан екі рет депутат болып сайланған көкшетаулық мұғалім Қосшығұловтың 1903 жылы 9 наурызда Абайға жазған хаты жайлы жазылған бұл материалда арқа қазақтарының халқүйі жайлы да көп деректер келтіріліп, Абайдың осыдан бұрынғы хатқа жауап қайтармағаны тілге алыныпты.

КӘСІПКЕРГЕ ҚОЛДАУ БАР МА?

Астанамыз Алматыдан Есіл жағасына көшірілгеннен кейін, елордада және елорда төңірегінде шағын кәсіпкерлікті дамытуға баса деп қойылыпты. Нәтижесінде 2003 жылы қала бойынша 23 мың шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркеліп, онда 55 мыңнан астам адам еңбек етіп жатқанын Арман Әмен «Жағдайың қалай кәсіпкер?» деген мақаласында жазыпты. Мақаладағы санақтарға зер салсақ, жалпы сол жылдарда, елордамызда шағын кәсіпкерліктің дамуы бастапқы мезгілде едәуір қарқын алғаны анық аңғарылады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Жалпы ел өміріндегі өзгерістермен қатар, әртүрлі мәселелерді де үзбей көтеретін газетте экологиялық орта мәселесі ең көп ауызға алыныпты. Соның бірі журналист Төлеубай Ілдебаевтың «Сарыбұлақ неге сарқылды?» деген тақырыппен қаланы қақ жарып, Есілге құятын Сарыбұлақ өзенінің арнасын кеңейтіп, өзен арнасына қан жүгіртудің қаланың көркін асырып қана қалмай, есіліп ақкан Ертістің де ернеуін толтырады деген мәселені көтеріпті.

«ЕГЕУЛІ НАЙЗА ҚОЛҒА АЛМАЙ»

2003 жыл – «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай...» деп жырлаған қазақтың жаужүрек жауынгер ақыны Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы. Осы бір айтулы датаны Астана ақшамы да назардан қағыс қалдырмай, арнаулы бет ұйымдастырып, мақалалар беріпті. Жазушы, мемлекеттік сыйлықтың иегері Әнес Сарай, ақын Серік Тұрғынбаев сынды қаламгерлер Махамбет туралы қалам тербегеніне «Ақшамға» ажар қосып қана қалмай, оқырман көңіліне де шұғылалы шуақ сыйлап тұр.

Дайындаған
Қалиақбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

№72 (4041) 20 маусым 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

БАС ҚАЛАҒА ҚАНША МЕШІТ КЕРЕК?

Елорда халқының басым бөлігі Ислам дінін ұстанады. Мәселен, қазір қазақтардың саны 80 пайызға жуықтайды. Мұсылман қауымына жататын басқа этностарды есепке алғанда, Мұхаммед (с.ғ.с) үмбеті бұдан сайын көбейе түседі. Нұр-Сұлтан қаласында осы күні 13 мешіт бар. 1 миллионнан аса тұрғыны бар қала үшін бұл көп пе, аз ба оқырманның өзі саралай жатар. Бірақ мамандардың пікірінше, осыншама адам тұратын шаһарда кем дегенде 30 мешіт болуы керек. Салыстыра қарағанда, тұрғындары 2 миллионға жуықтаған Алматыда 52 мешіт жұмыс істеп жатыр. Нұр-Сұлтан қаласында да олардың саны жылдан жылға көбеюде.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«БЕКЕР МАЛ ШАШПАҚ ПА»?

Алайда қарсылықтар да жоқ емес. Мешіттің орнына мектеп, басқа да осы сияқты әлеуметтік нысандар салынса, одан гөрі абаттандыруға көңіл бөлінсе деген пікірлер оқтын-оқтын айтылып жатады. Басқаша айтқанда, кейбіреулер мешіт құрылысын «бекер мал шашпаққа» балайды. Былтыр бас қалада 30 мың адамға шақталған мешіттің құрылысы басталғанда да сондай пікірлердің бір парасын естіп, әлеуметтік желілерден оқыған едік.

Таяуда елорданың «Комсомольский» тұрғын алабындағы «Ерке», «Аркада», «Керемет» тұрғын үй кешендерінің тұрғындары үйлерінің маңайында 250 адамға арналған мешіттің құрылысына қарсы шықты. Олар оның орнына шағын бақ салынғанын дұрыс көреді. Ал қаланың бас жоспарына сәйкес сол аумақта мешіт болуы керек.

Нұр-Сұлтан қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Аян Смағұловтың айтуынша, аталған аумақта мешіт салу туралы түбегейлі шешім шығарылған жоқ. Биылғы наурыз айында «Loft Development» компаниясына сол аумақты зерттеуге, мешіт құрылысын жобалауға рұқсат құжаты берілген. Бұл жұмыстардан соң ғана нақты не салынатыны анықталады.

– Бұл рұқсат қағазы компанияға жер теліміне құқықтарды иеленуге, жерді пайдалануға, яғни меншік иесі болуға мүмкіндік бермейді. Тиісті заңнамаға сәйкес осы аумақта орналасатын нысан ғана белгіленеді, – дейді ол.

Тұрғындар болса, бұл жер мешіт құрылысына тар деп есептейді. Егер діни ғимарат салынатын болса, олардың жүріп-тұруына да, мешітке келушілерге де ыңғайсыз болады. Оның үстіне көліктер нөпірі балаларға қауіп тудырады. Себебі, сол маңайда №79 мектеп-лицей орналасқан. Оқу жылы мерзімінде тұрғын үйлердің тұрақтары көлікке толып кетеді. Ал мешіт салынса, көліктер одан сайын қаптайды.

Олардың айтуынша, бастапқыда бұл аумаққа шағын бақ салу жоспарланған. Маңайда саябақ болмағандықтан, осы жаңалыққа қуанған. Мешіт болатынын таяуда ғана естіген. Тұрғын үйлердің арасында оның салынуын олар құп көрмейді. Бұған қоса, мектеп пен мешіттің арақашықтығы 120 метрдей ғана болмақ. Бұл заңға да қайшы. Одан да «Алланың үйі» М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университеті маңайында немесе «Хан шатырдың» артында салынғанын дұрыс көреді. Тұрғындардың есептеуінше, сол аумақтарда мешітке лайық келетін орындар бар.

– Бас жоспар бойынша баяғыдан бұл аумақта мешіт салу жоспарланған. Тиісті заңнамаға сәйкес тұрғын үйлердің арасында діни ғимарат салуға тыйым салынбаған. Заң бойынша діни ғимараттардың сыртындағы діни әдебиетті тарату орындары мен мектептердің арасы 300 метр болуы керек. Мешіттер діни ғимараттар болып саналғандықтан, бұл жағдайда бәрі дұрыс, – дейді А.Смағұлов.

Осы мәселе бойынша әзірге «итжығыс» болып тұр. Бұл аумақта мешіт пе, шағын бақ па, басқа нысан салына ма тиісті зерттеу жұмыстарынан соң белгілі болады.

ЖҰМА НАМАЗЫНДА ЖАМАҒАТ СЫЙМАЙДЫ

Жалпы елорданы одан әрі дамыту жоспарына сәйкес әр ауданда полиорталықтар болуы керек. Қаланың инфрақұрылымында соның бәрі есептелген. Яғни, кез келген қызметті пайдалану немесе бос уақытты өткізу үшін қаланың басқа шетіне барудың қажеті жоқ болады. Тұрғындарға қажет барлық нысандар жақын жерде орналасады. Әрине, осының ішіне мешіттер де кіреді. Қазір қаланың төрт ауданында да мешіттер бар. Бірақ кейбіріне жұма намазы немесе діни мерекелер кезінде жамағат сыймайды. Немесе ғибадат орны алыс болғаннан соң, аяқтан сабылуға тура келеді.

– Бас қалада өзім жобалаған соңғы мешіттер 1500 адамға арналған. Елордаға шағын мешіттердің керегі жоқ. Әрине, аумақта тұратын адам санына байланысты 500 адамдық мешіттерді салуға болады. Менің ойымша, шаһарда бір үлкен орталық мешіт болуы керек. Бірақ мешіттер сұранысқа сай бой көтергені жөн. Тиісті инфрақұрылымды да есепке алу қажет. Мәселен, «Әзірет Сұлтан» мешітінің жобасын жасадым. Көріп жүрсіздер ғой, оның автотұрағы кең. Бірақ келу жолдары ойластырылмаған. Кейбір жерінде солға бұрылыс мүлде жоқ. Соның жолдарын ретке келтіріп алу керек еді. Мешіттерге негізі қосымша жол салу қажет, – дейді сәулетші.

Былтыр Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мешіт салудың арнайы ережесін бекітті. Бұл – еліміз бойынша типтік жобадағы мешіт ғимаратын салудың тәртібін қалыптастыратын негізгі құжат. Соған сәйкес мешіт жергілікті жамағаттың санына лайықтап салынып, оның ауласында автотұрақ, саябақ және басқа да қажетті нысандар болуы керек.

Сонымен қатар деңгейіне және адам санына қарай мешіттер үш деңгейде салынатын болды: ауылдық (сыйымдылығы 70-500 адам), аудандық (500-1500 адам), облыстық, қалалық (1000-5000 адам). Мешіт құрылысы да заманауи талапқа сай жүргізілуі тиіс. Жобалаушылар мен құрылыс жүргізушілер Исламның және жергілікті сәулет өнері үлгілерін пайдалану міндетті. Мешіттің мұнарасы, күмбезі және ішкі-сыртқы безендірілуі жергілікті дәстүрге сай болғаны шарт.

КІРУ ЖОЛДАРЫ ОЙЛАСТЫРЫЛМАҒАН

Осы орайда елордадағы «Әзірет Сұлтан», «Ырыскелді қажы», «Рақымқызы Раиса ана» мешіттерінің жобасын жасаған Қазақстанның құрметті сәулетшісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сағындық Жанболатовқа хабарласып, оның пікірін білдік.

– Бас қалада өзім жобалаған соңғы мешіттер 1500 адамға арналған. Елордаға шағын мешіттердің керегі жоқ. Әрине, аумақта тұратын адам санына байланысты 500 адамдық мешіттерді салуға болады. Менің ойымша, шаһарда бір үлкен орталық мешіт болуы керек. Бірақ мешіттер сұранысқа сай бой көтергені жөн. Тиісті инфрақұрылымды да есепке алу қажет. Мәселен, «Әзірет Сұлтан» мешітінің жобасын жасадым. Көріп жүрсіздер ғой, оның автотұрағы кең. Бірақ келу жолдары ойластырылмаған. Кейбір жерінде солға бұрылыс мүлде жоқ. Соның жолдарын ретке келтіріп алу керек еді. Мешіттерге негізі қосымша жол салу қажет, – дейді сәулетші.

Қазір елордада 30 мың адамға арналған мешіт салынып жатқанын жұрт біледі. Бұл еліміздегі және Орта Азиядағы ең үлкен мешіт болады. Ал «Әзірет Сұлтан» мешітіне – 12 мың адам, «Нұр Астана» мешітіне – 5 мың адам, қаладағы байырғы Аллаға құлшылық ету орны – «Сәдуақас қажы Ғылмани» мешітіне – 1600 адам, «Ырыскелді қажы» мешітіне 1500 адам сыяды.

Сағындық Жанболатовтың айтуынша, мешітті жобалаудың да өз сыры бар. Мәселен, өзі «Ырыскелді қажы» мешітін 750 адамға шақтап жобалаған. Ал құрылыс ережелеріне сәйкес шаршы метрлерді есептеу мен адамдардың намазға тұру тәртібінде әжептәуір айырмашылықтар кездеседі. Кейінгісіне салғанда, осы мешітте бір мезгілде 1500 адам еркін намаз оқи алады.

ТЕПЕ-ТЕҢДІК САҚТАЛМАҒАН

Қала аудандарына шаққанда, Байқоңыр ауданына мешіттер жетпей жатқан сияқты. Себебі осы ауданда әзірге «Сәдуақас қажы Ғылмани» және «Өндіріс» тұрғын алабындағы «Ар-Рахман» атты екі мешіт қана бар. Яғни, тепе-теңдік сақталмаған. Ал Алматы ауданының аумағында бес мешіт жұмыс істеп жатыр. Соның бірі – «Железнодорожный» тұрғын алабындағы «Әс-Сәләм» мешіті.

– Мешітіміз 800 адамға арналған. Екі кіші залымыз бар. Мешіт жамағат санына қарай ашылған. Қазір кенттегі бүкіл жамағатты қамтып отырмыз. Аумақта қосымша мешіт құрылысынан мұқтаждық жоқ. Тіпті, Орталық базар, «Астаналық» базар жақтан мешітімізге адамдар құлшылық етуге келіп жатады. Олар «Сәдуақас қажы Ғылмани» мешітіне сыймайтын болған соң, сіздерге келдік» деп айтады, – дейді «Әс-Сәләм» мешітінің бас имамы Серік Құрманов.

«ӘЛЖАН АНАҒА» ЖЕТУ ҚИЫН

Өткен жылы Сарыарқа ауданында 1500 адамға арналған «Рақымқызы Раиса ана» мешіті ашылып, осы аудандағы мешіттер саны үшке жетті. Ескі теміржол вокзалы аумағында мешіттің ашылғанына жұрт риза.

– Вокзал аймағында мешіттер жоқ еді. Мешіт дәл керек кезінде салынды. Сыртынан қарағанда да ғимарат көз тартады. Көлемі орташа, бірақ әдемі. Жан-жағы жасыл желекпен көмкерілген, – дейді қала тұрғыны Дана Қиятбаева.

Ашылғанына бір жарым жыл болып қалған «Ақ мешіт» мешіті де жамағаттың көңілінен шығып жатыр. Бір мезетте 1200 адам құлшылығын өтей алатын мешіт асханасына сұраныс үлкен. Онда карантинге дейін ас жиі беріліп жататын. Мешіт жанынан медресе де ашылған.

Есіл ауданында осы күні үш мешіт жұмыс істейді. Соның бірі –«Пригородный» тұрғын алабындағы «Әлжан ана» мешіті. Қала тұрғыны Қастер Қайыпұлының айтуынша, бәрі дұрыс, бірақ оған жұма намазы уақытысында автобуспен жету қиындық тудырады. Жаңа 30 мың орындық мешіт ашылғанда, қаладағы он төртінші, ал осы аудандағы төртінші мешіт болмақ.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының хабарлауынша, биыл елордада бұдан басқа мешіт ашылмайды. Ал келесі жылы бірнеше мешітті мұсылман қауымының игілігіне пайдалануға беру жоспарланған.

БІЗ КҮТКЕН БАҚЫТ

Мәлік ОТАРБАЕВ

МӘҢГІЛІК ӨМІР

БиБиСи жаңалық таратты. Оңтүстік Кореяда «тірі мәйіт» дейтін ем жүргізіледі екен. Ем алушыларға кебін кигізіп, табытқа жатқызады. Бірнеше минуттан кейін қайта тірілткендей болады.

Ем алушы қарт кісі:

– Өмірдің қадірін осында келіп түсіндім. Бекер ғұмыр кешпеппін. Арғы бетке де дайындық керек, – дейді.

Бір жас жігіт ішкі сырын ақтарып:

– Бәсекеге қабілетті болу керек деп, досымызды қас, бауырымызды жат көре бастаппыз. Ал мынау табыт бәсекелестіктің бәсін жойды. Өмірдің мәнін түсінгендеймін, өз-өзімді бақытты сезінемін, – дейді.

Ал өз-өзіне қол жұмсағысы келген әйел бүй дейді:

– Өмірден күдер үзген күні осында келдім. Жүрегімде сенім қалмап еді. Бірақ өлім мен үшін үлкен сабақ болды. Арғы дүниені сезінгендей болдым. Мен мәңгілікке құштармын!

Адам деген қызық қой, кейде жастық шағына, бойындағы күш-қуатына, тіпті, істеген қызметіне де сенім артады. Соның барлығы аяқсыз-ақырсыз болып көрінеді. Жағдайы нашарласа да, дүниеден айырылып қаламын деп қорықса да, өзінің ақыр-түбі о дүниелік екенін ойламайды, керек десеңіз, ол туралы сөз етуден бас тартады. Бір қадірлі жазушы ағамыздың биік мінбеде тұрып: «Қазіргі молдалар өлім туралы көп айта береді, өмір туралы көбірек айтсын!» дегеніндей.

Абай атамыз: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деп жырлайды. Иә, мәңгілікке құштар жан иесі бұ дүниеге қонақ екендігін естен шығармайды. Тіпті кез келген уақытта көшіп кетуге дайын тұрады. Өлімді еске алатыны содан шығар. «Насихат керек болса, өлім жетеді» деп, тағы бір ойшылдың айтқаны бар еді.

Осы орайда шығыс әдебиетінде Зұлпықар болып бейнеленетін Әзірет Әлі мәңгілік өмірдің мәнін аша түсетіндей сөз айтады: «Бұ дүниенің беті ары қарап кетіп барады. О дүние бері қарап келе жатыр. Сендер бергі беттің емес, арғы беттің перзенттері болындар! Өйткені бүгін амал бар, есеп жоқ, ал ертеңгі күні есеп бар, амал жоқ!»

Әлгі ем алып жүрген кореялықтардың мәңгілік өмірге қалай сенгенін білмейміз. Ондай емді біз де күнделікті тіршілікте алып жүрген сияқтымыз. Бірақ, өрелі мақсатқа жететін өнегелі өмір сүру үшін де өлімді ұмытпау керек екені рас. Түрік ақыны Нежип Фазыл: «Өлім деген көркем ғой – бұл бізге жеткен ақпар, Көркем болмағанда ше, өлер ме еді пайғамбар?» деп, осыны аңғартса керек.

ТІЛ

Түрік ағайындардың жиі айтатын бір күлкілі әңгімесі бар:

Қара теңіздің жағалауында туған Темел бір күні Лондонда тұратын Жамал досына қонаққа келіпті. Үйге кіріп, жайғасып болған соң, одан досы:

– Сен ағылшын тілін білмейсің ғой, мұнда жеткенше қатты қиналған шығарсың? – деп сұрапты.

– Жоғ-ә, – депті сонда Темел. – Ұшақтан түскеннен осында жеткенше ағылшындардың өздері қиналды ғой...

Әзіл де болса, рас!

Түрік ағайындар өздерінің ана тілінде сөйлеп, бүкіл дүние жүзін аралап жүре береді. Керек болса, табыс та табады.

Ал біз ше, көршінің тілі, туысқанның тілі, қонақтың тілі (Құдай-ау, тағы қандай тіл бар еді?) деп, жалпақшешей болып, бәрін меңгеруге тырысамыз. Шетелде өз тілімізде сөйлеуді былай қойғанда, өз елімізде шетелде жүргендей күй кешеміз.

Өзгенің тіліне алаңдамай, өз тілімізде сөйлеп өмір сүрсек қалай болар екен, а?..

Төрт тілді меңгерген, әрине, біз үшін де қызық...

ПРЕЗИДЕНТ ЖӘНЕ ПСИХОТЕРАПЕВТ

Түріктің көсемі Ататүрік бір күні психиатриялық аурухананың жұмысымен танысады. Қасына ертіп жүрген белгілі психотерапевт Мазхар Османнан:

– Осман Бей, осы ақыл-естен айырылғанды қалай түсінуге болады? – деп сұрайды.

– Шындығын айтқанда, Пашам, бұл ауру әр адамда кездеседі ғой, – деп жауап қатады дәрігер бірдеңені жасырып тұрғандай.

– Оны қалай түсінеміз? – деп Ататүрік аң-таң болады. – Сонда менде де есуастық бар деп ойлайсыз ба?

Осман Бей іркілмей:

– О, Пашам! Басқа біреуге қарағанда, сізде ол мың есе артығымен бар ғой, – дейді жиналған жұртты есінен тандыра жаздап.

– Сонда қалай?

– Елдің ішінде де, сыртында да жыл он екі ай шайқас жүргізу ақылды адамның ісіне ұқсай ма, айтыңызшы, – депті сонда Осман Бей әзілдеп.

Сол кезде Ататүрік дәрігердің сөз тапқанына риза болып, ішексілесі қатқанша күлген екен.

МӘЖБҮРЛІК

Елімізден жұмыс таба алмай, Канадаға көшіп кеткен досым өмірде болған бір оқиғаны айтып берді.

...Қалалық сотқа орналастым. Біз сияқты төрт тіл білетін маман жоқ екен ол жерде. Шетелден келгендердің істерін қарап, құжаттарын әзірлеп, сотқа тапсырамын. Кейде сот процесіне қатысамын. Әйтеуір, қызу жұмысқа кірісіп кеттім.

Бір күні ұрлықпен ұсталған қария кісінің соты жүріп жатты. Бар кінәсі – нан ұрлаған. Қария қайтсін, кінәсін мойындады. Соттың: «Неге ұрладыңыз?» деген сұрағына: «Аш едім. Қалтамда бір тиын қалмады. Амалсыз ұрладым» деді. Сондағы соттың әділдігін қарашы. Былай деді:

– Сіз ұрлық жасадым деп мойындап отырсыз. Мен сізге бес доллар көлемінде ақшалай өтемақы төлеуге үкім шығарамын. Ал бұл ақшаны қалай төлейсіз? Шамаңыз жоқ, оны білемін. Сол үшін сіздің орныңызға мен төлеймін.

Біз аң-таңбыз. Сот қалтасынан ақшасын шығарып берді. Уәдесінде тұрды. Содан кейін орнынан түрегеліп:

– Шындығында, бұған сіздер кінәлісіздер! Мына қарияға ақша жинап беріңіздер. Өйткені сіздер аштықтың кесірінен ұрлық жасауға мәжбүр болған қоғамда өмір сүріп отырсыздар. Бұған бәріміз жауаптымыз! – деді залдағыларға қарап.

Отырған жұрт әлгі шалға лезде ақша жинап берді. Бұрынсоңды болмаған жағдай екен. Сөйтіп, сот:

– Егер мәдениетті адамдар тұратын қалада осындай кедей кісілер кездесетін болса, онда сол қаланың басшылары елдің ақшасын талан-таражға салып отыр деген сөз. Бұны естен шығармаңыздар! – деп әділ сөзін айтты.

БІЗДІҢ ҚАЛАДАҒЫ ТІРШІЛІК

Біздің көше. Ұлт мақтанышының атымен аталатын көше. Сол көшенің бойында екі тілді жарнама. Орысшасы – таза, қазақшасы – шала.

Біздің аялдама. Өңкей өзіміз: темекі тұтатқан ер адам, бала жетектеген әйел, телефон ұстаған қыз, бір-бірімен қалжыңдасқан жастар. Бірақ, бәрі басқа тілде сөйлейді.

Біздің кинотеатр. Көрсетілімде шетелдік фильмдер. Өз тілімізде сөйлеп жатқан кино жоқ. Өзіміздің режиссер түсірген бір ғана фильм бар екен. Рольді сомдаған да – қазақтар. Алайда тілдері – аралас, дүбәра.

Біздің мейрамхана. Ас мәзірі келді. Екі тілде – орыс және француз. Даяшы – өзіміздің азамат. Бірақ, ана тілін білмейді.

Біздің кітап дүкеніміз. Жүздеген-мыңдаған кітап – орыс тілінде, онға жетер-жетпесі ғана – қазақ тілінде. Оқымайтын, жазбайтын, ойланбайтын ел сияқтымыз. Ұлтымыз оянбаған, жаңармаған, дамымаған сияқты боп көрінеді.

Біздің телеарна. Ойын-күлкі, ән мен би. Орысша бұлбұлдай сайраған, ал қазақшаны ежелеп оқыған ақ жағалылар. Ана тілін менсінбеген бейбақтар. Кино. Сериал. Айтыс-тартыс. Сосын қайтадан ойын-күлкі, ән мен би.

Біздің тұрмысымыз. Шетелдік бұйымдар. Өзге тілде сайраған заттар. Жат жұрттық киім-кешек. Жеген асымыз ғана, онда да...

ЕКІ МЕТР ЖЕР

Өзінен кейінгі ұрпақ Шераға деп құрметтейтін Шерхан Мұртаза атамыз: «Жазушы Ғабит Мүсірепов айтқандай, «біз жиылсақ – көппіз, жайылсақ – жоқпыз» деп жазады. Құдайға шүкір, тағдыр елімізді шашыратпай, төрт құбыламыз түгел болып отырмыз.

Бірақ аз ғана қазақтың әлі де шалқар далаға сыймай, ұлтарақтай жерге жете алмай жүргені таңғалдырады. Сол аз қазақты жылатпай, алақанға салуға болмас па?! Сай-сайды сағалап, жыра-жылғаны жағалап қанша қазақтың баласы баспанасыз жүр.

Жеріміз кең де, жігеріміз кем.
Терезесі тең қазақтың
керегесі кең еді ғой.
Әлде «түбі екі метр жер
бұйырады ғой» дей ме екен?
Қайырсыз санаға құрбан
болған басымыз-ай!

ҒИБРАТ

ҚАРЫЗ бен ПАРЫЗ

Осы күні қалта телефоныма «несие алыңыз, жеңілдіктер береміз» деген тақылеттес хабарламалар әртүрлі банктерден жиі түсетін болды. Бұл банктердегі клиенттердің азайғанын аңғарта ма, әлде менен басқаның бәрі несие алып болғанын білдіре ме?

Өз басым қарыздан қорқатындардың бірімін. Мүмкіндігінше несиеге жүгінгім келмейді, балаларға да үнемі соны айтып отырамын. Әдетте, «Қарыз күліп келіп, жылап қайтады» деп жатамыз. Жамандықтың беті аулақ, жақсы ниетпен несие алатындар аз емес. Бірақ оның соңы көбіне өкіндіріп жататынына тағы бар. Сонда жадырап келер қарызды жылатып жіберетіндер кім?

«Ешкім жетіскеннен несие алмайды». Ол рас, қысқа жіптің күрмеуге келмегенінен қарызға батамыз. Дегенмен, көп жағдайда кіріс пен шығыстың тепе-теңдігі бұзылғанда, қарыз қаһарына мінеді. Содан небір шаңырақтар құлап, отбасылар ойран болып жатқаны.

Қазақта «Шығасыға иесі себепші» деген сөз бар, яғни, бәріне кінәлі өзіміз. Осы өмірде үй сатқан, көлік сатқан кезіміз аз болған жоқ. Сонда байқағаным, қолында он мың доллары бар аларман 12 мың доллар тұратын көлікті не үйді алғысы келіп қиылып тұрады. Сатарман әрине, бірден мұнша жеңілдік бере алмайтынын айтады. Содан қарызға кіру басталады. Қолында бар қаржыға лайық көлікті қанағат етсе, біреуге кіріптар болмас еді. Біз осылай ойлаймыз... бұл біздің ғана басымыздағы уайым емес.

Кәрі құрлық деп дәріптейтін Еуропа мұндай мәселеге бізден бұрын тап болғандықтан ба, кезінде «мойнында қарызы бар адамның басы шабылсын» дегенді заңға жазып қойыпты. Неткен қатыгездік дерсіз. Олар мұның себебін былай түсіндіреді. Қарызы көп адам өзін ақтау үшін әуелі жағдайын айтады, сонан соң сылтау айтуға көшеді, ақыр соңында өтірік айта бастайды. Ал өтірік айтқан адам Отанын да сатуға дайын тұрады. Мұны енді кешіруге болмайды.

Несие жүйесі кәсіпкерлікті дамытуға, қиналған жұртқа қолғабыс болуға тиіс. Өкінішке қарай, 14-18 пайыз өсіммен берілетін несие туралы бұлай деп айта алмайсың. Бұл – нағыз қарыз қамыты. Сондықтан абай болған жөн...

Қонақбай САТТАРОВ,
ақын-журналист

КЕРЕК КЕҢЕС

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ АКТ ЖАЗБАЛАРЫ

Егер сіз некені тіркеу, туу, өлім, ажырасу, бала асырап алу, әкелікті анықтау, аты-жөнін өзгерту сияқты қызметтердің электронды акт жазбаларынан қате тапсаңыз немесе құжатыңызды мүлдем таба алмасаңыз не істеу керектігін білесіз бе? Біз бүгін «Керек кеңес» айдарында осы жөнінде мағлұмат береміз.

Ол үшін алдымен Egov.kz порталына кіріп, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Порталдың басты бетіндегі сол жақ бағаннан «Жеке тұлғалардың акт жазбаларын тексеру қызметін» табыңыз.
2. Ашылған «терезеден» акт жазбасының түрін таңдаңыз.
3. Өтініш беру парақшасын толтырыңыз, содан кейін «Іздеу» әрекетін басыңыз.
4. Егер көрсетілген параметрлер бойынша АХАЖ АЖ-де актілік жазба болған жағдайда, портал сұратқан деректерді толық толтырып шығыңыз.
5. Егер берген ақпаратыңыз жүйеде табылмаса, «Мәліметтерді цифрлау» батырмасын басыңыз да, талап етілген мәліметтерді толтырып шығыңыз.
6. «Жаңа файлды жүктеу» батырмасын басу арқылы құжаттың сканерлік көшірмесін жүктеңіз.
7. Өтінішті ЭЦҚ немесе біржолғы жасырын сөз арқылы растайсыз.

Сұрау салған қызмет бойынша жауап 1 жұмыс күні ішінде дайын болады.

Жүрек-қан тамыры ауруларынан арылудың 3 тәсілі

Жүрек-қан тамыры аурулары әлемнің көптеген дамыған елдерінде денсаулық сақтаудың басты проблемаларының біріне айналып отыр. Ол көбіне ересек адамдарды не мүгедектікке шалдықтырады немесе өлімге әкеліп соқтырады. Жалпы өлім-жітімнің 52 пайызын жүрек-қан тамыры аурулары құрайды.

Еуропада жыл сайын осы ауру салдарынан шамамен 3 миллион адам қайтыс болса, Ресейде 1 миллион адам, ал Қазақстанда 80 мың кісі осы аурудан көз жұмады. Жүрек-қан тамыры ауруларына әкеліп соқтыратын басты себептер қандай?

Басты себеп адамдардың өз денсаулығына көңіл бөлмеуінен десек, сонымен қатар жағымсыз экологияның да салдары жетерлік. Әсіресе, соңғы жылдары инфаркт пен инсульттен болатын өлім тым жиілеп барады. Оның негізінде, атеросклероздан басқа, адамдардың жүйке жүйесінің шаршауы, олардың дәрменсіздікке ұшырап, депрессияға түсуі жатыр.

Бұл ауруды үй жағдайында емдеу және алдын алудың 3 тәсілін назарларыңызға ұсынамыз.



1. Алмұрттың жемісін кептіріп ұнтақтап, соның 300 грамын жарты килограмм балға араластырады. Осы қосындының бір шай қасығын күніне үш рет жеп жүрсе, жүрек ауруларының барлық түріне, сондай-ақ бауыр, көкбауыр ауруларына бірден-бір ем.

2. Анардың шырынын күнделікті ішіп жүрсе, жүрек-қан тамырларының жұмысын жақсартып, асқазанның түрлі гастритіне ем. Көздің қуатын молайтып, адамның тәбетін ашады.

3. Кепкен алманы қантсыз қайнатып, үнемі сусын орнына ішіп жүрсе, қан тамырларының қабырғасына қатқан қақты ерітіп, қан жүрісін қалыпқа келтіреді. Сондай-ақ көздің болатын молайтып, тістің босағанын бекітеді. Қызылөңештің, асқазанның, ішектің ішкі кілегей қабатын жетілдіреді. Адам бойын сергітіп қуат береді. Бауырдың, қуықтың, көкбауырдың жұмысын жақсартады.

Осы кеңестерді күнделікті қолдану арқылы сіз өзіңізді инфаркт пен инсульттан сақтандыра аласыз.

Бетті дайындаған
Фарида **КАРИМОВА**

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

Жалпы хирург дәрігер (жалпы бейін) – еңбекақы 73 089 бастап 84 415 теңгеге дейін
Талаптар: мамандық бойынша 3 жыл жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы.
Байланыс деректері:
gospital2000@mail.ru
+7 (717) 231 91 49, +7 (707) 843 93 03, +7 (717) 231 92 26

* * *

Техник-электрик – еңбекақы 90 000 бастап 95 000 теңгеге дейін
Талаптар: мамандық бойынша 2 жыл жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы міндетті.
Байланыс деректері:
aidabol-1@mail.ru
+7(717) 222 74 89, +7(771) 604 64 71

* * *

Үй-жайларды жинап тазалаушы – еңбекақы 42 500 теңге
Талаптар: мамандық бойынша жұмыс өтілі маңызды емес, арнайы білімі мен дағдыларының болуы қажет емес. Бойында орындаушылық қабілеті болса жеткілікті.
Байланыс деректері:
ksk333@list.ru, +7 (717) 227 41 38

* * *

Дәрігер-диетолог – еңбекақы 73 089 бастап 84 415 теңгеге дейін
Талаптар: мамандық бойынша 3 жыл жұмыс өтілі, арнайы білімі мен дағдыларының болуы міндетті. Ұқыптылық пен командада жұмыс істеу білуі шарт.
Байланыс деректері:
gospital2000@mail.ru
+7 (717) 231 91 49, +7 (707) 843 93 03, +7 (717) 231 92 26

* * *

Күзетші – еңбекақы 100000 теңгеден бастап
Талаптар: жұмыс өтілі маңызды емес, білімі ортадан кейін. Командада жұмыс істей алуы шарт.
Байланыс деректері:
buhautostroy@gmail.com
+7 (777) 952 34 07

* * *

Автобус жүргізушісі – еңбекақы 100 000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша жұмыс өтілі қажет емес, білімі ортадан кейін. Арнайы білімі мен дағдылары маңызды емес, көлік жүргізе білсе жеткілікті.
Байланыс деректері:
buhautostroy@gmail.com
+7 (777) 952 34 07

* * *

Жүйелік инженер – еңбекақы 120 000 теңгеден бастап
Талаптар: мамандық бойынша кемінде 1 жылдық жұмыс өтілі, білім деңгейі жоғары және бойында ұқыптылық пен жауапкершілік қасиеттері болуы шарт.
Байланыс деректері:
holobuda@zpost.kz
+7 (771) 552 03 93

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №71 (4040) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Кезек нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Кезекке қойылған күні	Санат
8577	НИКОЛАЕВА	ГАЛИНА	АЛЕКСАНДРОВНА	14.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8578	АЙВАЗЯН	ПАВЛУШ	УНАНОВИЧ	14.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8579	ХУРОВА	ГУЛМИРА		14.05.2014	Толық емес отбасылар
8580	УРМЕТОВА	АЙСАУЛЕ	МАРАТОВНА	14.05.2014	Толық емес отбасылар
8581	БЕЙСЕНОВА	МЕРУЕРТ	ӘЖІМАХАНҚЫЗЫ	14.05.2014	Толық емес отбасылар
8582	САМУРАТОВ	КАНАТ	ШОККЕНОВИЧ	14.05.2014	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
8583	БИДАЙБЕКОВА	АСИЯ	СЕЙТКАСЫМОВНА	15.05.2014	Толық емес отбасылар
8584	МАНАБАЕВ	СУЛТАНМАХМУТ	ГАЛИНАЗАРОВИЧ	15.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8585	БАГРАМОВА	ДИАНА	АСАНОВНА	15.05.2014	Толық емес отбасылар
8586	РАМАЗАНОВА	НУРГУЛЬ	САРТАЕВНА	15.05.2014	Толық емес отбасылар
8587	ЖАНГУЖИНОВА	АСЕМГУЛЬ	КАНАТОВНА	15.05.2014	Толық емес отбасылар
8588	ДОСЫМҚЫЗЫ	ГҮЛМАРЖАН		15.05.2014	Толық емес отбасылар
8589	ОМАРОВА	АНАР	КАПАНОВНА	15.05.2014	Толық емес отбасылар
8590	СМАГУЛОВА	НАДИЯ	БОЛАТОВНА	15.05.2014	Толық емес отбасылар
8591	КЕНЖЕБАЕВА	ЗУЛЬФИЯ	ГАРИБЖАНОВНА	15.05.2014	Толық емес отбасылар
8592	КОШАЕВА	БИБИГУЛЬ	ХУДАЙКУЛОВНА	15.05.2014	Толық емес отбасылар
8593	МАКАЖАНОВА	ГАЛИСА	МУХАМЕТЖАНОВНА	15.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8594	ИСТЕЛЕЕВА	БАЗАРКУЛЬ	КУРМАНОВНА	15.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8595	СЕКЕНОВА	КУЛПАРАШ	ГАЗИЗОВНА	15.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8596	ЕРДЕНОВА	АРМАНГУЛЬ	СЕРИКОВНА	15.05.2014	Толық емес отбасылар
8597	ЦЕЧОЕВА	ЗАРЕТА	ХАСАНОВНА	16.05.2014	Толық емес отбасылар
8598	БАЙМУРАТОВА	ГУЛСИН	КАХАРОВНА	16.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8599	БОШТАЕВА	ЛАУРА	ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ	16.05.2014	Толық емес отбасылар
8600	ИМАНГАЗИНА	ЕКАТЕРИНА	ПЕТРОВНА	16.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8601	БАГИСОВА	КУЛЬМАЙРАШ	УТЕПБАЕВНА	16.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8602	ТАЖИБАЕВА	АНАР	ДЮСЕМБАЕВНА	16.05.2014	Толық емес отбасылар
8603	ЕЛИБАЕВА	УМИТЖАН	РАХИМЖАНОВНА	16.05.2014	Толық емес отбасылар
8604	НУРТАЗИНА	АКМАРАЛ	ЖАНЫБЕКОВНА	16.05.2014	Толық емес отбасылар
8605	БЕКЕШЕВА	ЛЯЙЗЯТ	АТГАЕВНА	16.05.2014	Толық емес отбасылар
8606	ТУКЕЕВА	БАЛГИЗА	АСКАРОВНА	16.05.2014	Толық емес отбасылар
8607	ЗАКЕРИЯ	ЖАНАРГУЛЬ		16.05.2014	Толық емес отбасылар
8608	САДЫКОВА	АЙДАНА	БАУЫРЖАНҚЫЗЫ	16.05.2014	Толық емес отбасылар
8609	УРАЗБАЕВА	ДИАНА	САГДАТОВНА	16.05.2014	Толық емес отбасылар
8610	ЮСУПОВ	ХАЙРОЛЛА	АБИЛОВИЧ	16.05.2014	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
8611	СЕГИЗБАЕВА	МЕРУЕТ	ТУРМАХАНОВНА	16.05.2014	Толық емес отбасылар
8612	ПИРОГОВА	НАДЕЖДА	ВЯЧЕСЛАВОВНА	17.05.2014	Толық емес отбасылар
8613	КАРАБАЛАЕВА	МОЛДИР	МАМЫРХАНОВНА	17.05.2014	Толық емес отбасылар
8614	АХМЕТОВА	АЛИЯ	АХМЕТОВНА	17.05.2014	Толық емес отбасылар
8615	САДВОКАСОВ	АМАНГЕЛЬДЫ	САНСЫЗБАЕВИЧ	19.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
8616	НУРМУХАМБЕТОВА	АКМАРАЛ	КАДИРСИЗОВНА	19.05.2014	Толық емес отбасылар
8617	ШАМИЛОВА	НАРГУЛЬ	МУСАЕВНА	19.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8618	ФАРЗАНЕ	ЭМИЛИЯ	СЕЙФУЛЛАЕВНА	19.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8619	БЕКЖАНОВА	АЛИЯ	НУРБЕКОВНА	19.05.2014	Толық емес отбасылар
8620	МАНАДЫРОВА	АСЕЛЬ	АМАНТАЕВНА	19.05.2014	Толық емес отбасылар
8621	ДУРОВА	СВЕТЛАНА	ВЛАДИМИРОВНА	19.05.2014	Толық емес отбасылар
8622	ШИНДАЛИЕВА	ШОЛПАН	БОЛАТОВНА	19.05.2014	Толық емес отбасылар
8623	СМАГАМБЕТОВА	ЖУЛДЫЗАЙ	КЫПШАКБАЕВНА	19.05.2014	Толық емес отбасылар
8624	БАЛТАБАЕВА	ГУЛЬЖАН	СУНДЕТОВНА	19.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8625	АСАНОВА	САЛТАНАТ	БЕКБОЛАТОВНА	19.05.2014	Толық емес отбасылар
8626	МОЛДАБАЕВА	БОТАГОЗ	ШОКАНОВНА	19.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8627	БАРЛИБОЕВА	ХАДИША	АНАРКУЛОВНА	19.05.2014	Оралмандар
8628	НУРМУХАМЕДОВ	ЕСМУРАТ	АБДРАЗАКОВИЧ	20.05.2014	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
8629	БАЙПЕИСОВА	МАУЛЕ	КУАТОВНА	20.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8630	ПОБЕДИНСКАЯ	ЕЛЕНА	АНДРЕЕВНА	20.05.2014	Толық емес отбасылар
8631	ОСАТАЕВА	ГУЛНАР	ЖАУГАШТИЕВНА	20.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
8632	МУХАМЕДЖАНОВА	ДИНАРА	КАБДОСОВНА	20.05.2014	Толық емес отбасылар
8633	ШАХМАНОВА	ГУЛЬМИРА	ТЕМИРХАНОВНА	20.05.2014	Толық емес отбасылар
8634	ЕРДЕНБАЕВА	РАБИГА		20.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8635	ДОНЕРБАЕВА	АРАЙЛЫМ	МУХИТОВНА	20.05.2014	Толық емес отбасылар
8636	БАДРИДЕНОВА	КЫМБАТ	АЙТПАЕВНА	21.05.2014	Толық емес отбасылар
8637	АБСАТАРОВА	ГУЛЬНАРА	ЕРМАХАНОВНА	21.05.2014	Толық емес отбасылар
8638	АЙТКУЛОВ	ОНДАСЫН	БОПАЕВИЧ	21.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
8639	АБИШЕВА	ГУЛНУР	КАБИДОЛЛАЕВНА	21.05.2014	Толық емес отбасылар
8640	УРКИРБАЕВА	ГУЛЬСУМ	ГУСМАНОВНА	21.05.2014	Толық емес отбасылар
8641	СЕИЛОВА	ГУЛЬСУМ	ЖУЛАМАНОВНА	21.05.2014	Толық емес отбасылар
8642	СУБАНАЛИЕВА	БАКТАГУЛ		21.05.2014	Оралмандар
8643	САДУАХАСОВА	АЙЖАН	ЖАКСЛЫКОВНА	21.05.2014	Толық емес отбасылар
8644	ЖОТАЕВА	МАЙРА	ЖУСУПОВНА	21.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8645	ЖАКЕНОВА	ЛЯЗЗАТ	ЖАПАНОВНА	22.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8646	СУЛЕЙМЕНОВА	АЙНУР	СЕРИКОВНА	22.05.2014	Толық емес отбасылар
8647	КАСЕНЕЕВ	АРДАК	АМАНГЕЛЬДИЕВИЧ	22.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8648	ЛАЗГИЕВА	ХАНУМЗАР	ФАРМАНОВНА	23.05.2014	Толық емес отбасылар
8649	КОШМУРАТОВА	МЕРЕКЕ	ПИРЛЕПЕСОВНА	23.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8650	ТҰРЫСБЕК	НҰРГҮЛ		23.05.2014	Оралмандар
8651	КУЛБУЛДИН	АБЛАИХАН	ДЮСЕМБАЕВИЧ	23.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8652	КАЛИЕВА	АЙЖАН	ЫДЫРЫСОВНА	23.05.2014	Толық емес отбасылар
8653	БРАЛИНОВА	БАКЫТЖАН	АЙТЖАНОВНА	23.05.2014	Толық емес отбасылар
8654	БАЛГАБАЕВА	НУРСУЛУ	НУРЛАНОВНА	24.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8655	ШАЙКЕНОВА	АИСЛУ	ЖИЛКИБАЕВНА	24.05.2014	Толық емес отбасылар
8656	СЕЙДАЗОВА	АСЕМ	ШЫНГЫСОВНА	24.05.2014	Толық емес отбасылар
8657	СИТДИКОВА	ДИНА	КУЛАХМЕТОВНА	24.05.2014	Толық емес отбасылар
8658	ХИМАДИЕВА	ДИНАРА	ДАУРЕНБЕКОВНА	26.05.2014	Толық емес отбасылар
8659	ЖАНАТХАНОВА	ГАУХАР	ЖАНАТХАНҚЫЗЫ	26.05.2014	Толық емес отбасылар
8660	САМЕНОВА	АЙЖАН	ЕВГЕНЬЕВНА	26.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8661	БАЗЫЛБЕКОВА	КУЛЯШ	МЕДЕУОВНА	26.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8662	ИМАНГАЛИЕВА	АЙНУР	ЖАНДОСОВНА	26.05.2014	Толық емес отбасылар
8663	ИБРАЕВА	НУРГУЛЬ	ЖАКСЫЛЫКОВНА	26.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
8664	АШИРБАЕВА	АЙГУЛ	ДУАШОВНА	26.05.2014	Толық емес отбасылар
8665	ОҢҒАРБАЕВА	ЖАЗИРА	САУЫТБЕККЫЗЫ	26.05.2014	Толық емес отбасылар
8666	МУРЗАКУЛОВ	ЖИГЕР	АЙТКУЛОВИЧ	26.05.2014	Толық емес отбасылар
8667	ТУСУПБЕКОВА	ЖАНАР	СЕРИКОВНА	26.05.2014	Толық емес отбасылар
8668	ЕВЛОЕВА	МИЛАНА	ХАСАНОВНА	27.05.2014	Толық емес отбасылар
8669	АСПАМБАЕВА	ГАЛИЯ	АЗЫМБЕКОВНА	27.05.2014	Толық емес отбасылар
8670	ЖОЛШЫБЕКОВ	АБДРАХМАН	АТАНТАЕВИЧ	27.05.2014	Толық емес отбасылар
8671	БЕКБОСЫНОВА	АРАЙЛЫМ	ЗАРЛЫККЫЗЫ	27.05.2014	Толық емес отбасылар
8672	УМУТБАЕВА	МЕРУЕРТ	САПАРГАЛИЕВНА	27.05.2014	Толық емес отбасылар
8673	КАБЕЛЬДИНОВА	НУРГУЛЬ	БЕЙСЕМБЕКОВНА	27.05.2014	Толық емес отбасылар
8674	ЖУНУСОВ	НАУАН	СЕИЛУЛЫ	27.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8675	БИЖАНОВА	АЛТЫНАЙ	САМИГУЛЛАЕВНА	27.05.2014	Толық емес отбасылар
8676	РАГАТОВ	НУРХАН		27.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8677	АВДИРАХМАН	ГУЛНУР		27.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8678	АБИЛОВА	ЖАНАР	КАЙРАТОВНА	28.05.2014	Толық емес отбасылар
8679	МАУТОВА	МАНШУК	ЖАКСЫБАЕВНА	28.05.2014	Толық емес отбасылар
8680	НАУРЫЗОВА	САЛТАНАТ	ТЕМИРБЕКОВНА	28.05.2014	Толық емес отбасылар
8681	КАСЕНОВА	БАКЫТГУЛ	ТЛЕУЖАНОВНА	28.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
8682	ДЖУМАДИЛОВА	ВЕНЕРА	АМАНГЕЛЬДИНОВНА	28.05.2014	Толық емес отбасылар
8683	МУРАТОВА	АЙСУЛУ	МУРАТОВНА	28.05.2014	Толық емес отбасылар
8684	КУДЖАНОВА	АЙНАГУЛЬ	АБАЕВНА	28.05.2014	Толық емес отбасылар
8685	МЕШЕЛЕВА	САЛИМА	САЛИМБАЕВНА	29.05.2014	Толық емес отбасылар
8686	АЛЯМШИНА	ЮЛИЯ	ШАМИЛЬЕВНА	29.05.2014	Толық емес отбасылар
8687	АКИМЖАНОВА	БАКЫТ	КАБЫКЕНОВНА	29.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
8688	ЖУНУСОВА	ЖАНАРГУЛЬ	ДОСАНОВНА	29.05.2014	Толық емес отбасылар
8689	ТӨЛЕУҚЫЗЫ	КҮЛПАН		29.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8690	ТЕМИРЖАНОВА	ЕРМЕК	КАИРЖАНОВНА	29.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8691	ШЕНГЕЛЬБАЕВА	ДАМИРА	БАТЫРБЕКОВНА	29.05.2014	Толық емес отбасылар
8692	МАМУНОВА	АЙЖАН	НУРЖАНОВНА	29.05.2014	Толық емес отбасылар
8693	КОБЫЛДИНА	ШОЛПАН	АСАНГАЛИЕВНА	29.05.2014	Толық емес отбасылар
8694	ШАМЕЙ	ХУНДЫЗ		29.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
8695	КАКИМЖАНОВА	МАРГАРИТА	КАБДУЛАЕВНА	29.05.2014	Толық емес отбасылар
8696	АМАНТАЕВ	САГИ	БУЛАТОВИЧ	29.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8697	УРАЗАЛИНОВА	АСЕМ	ДУЛАТОВНА	30.05.2014	Толық емес отбасылар
8698	ОЮХАН	ЖИРГАУ		30.05.2014	Толық емес отбасылар
8699	ТУСЭВ	ТАЙВ		30.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8700	АКМОЛОВА	КЕНЕСКУЛЬ	ЖУМАГАЛИЕВНА	30.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8701	АЛИМЖАНОВА	АЙЖАН	ОРАЛБАЕВНА	30.05.2014	Толық емес отбасылар
8702	ИСМАГУЛОВА	ГУЛЬМИРА	МАРАТОВНА	30.05.2014	Толық емес отбасылар
8703	КАБДУЛОВА	АЛИЯ	АЛИЕВНА	30.05.2014	Толық емес отбасылар
8704	СМАГИНА	ВАЛЕНТИНА	АЛЕКСАНДРОВНА	30.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
8705	ЖАНСУЙГЕНОВА	РИТА	ХАКИМОВНА	31.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
8706	МЕЗЕНЦЕВА	НАТАЛЬЯ	СЕРГЕЕВНА	31.05.2014	Толық емес отбасылар
